$\sin x = 0{,}5$, x-ті табыңыз.

$\cos x = -0{,}8$, x-ті табыңыз.

$\tan x = 1$, x-ті табыңыз.

Әр сұрақтың дұрыс жауабын табу үшін, оқушылар тригонометриялық функцияларды пайдаланып, бұрыштарды анықтайды.

Әр дұрыс жауап үшін ұпай беріледі.

5. «Шығармашылық тапсырма»

Оқушыларға бір-біріне үш тригонометриялық есеп қойып, оларды шешуді сұрайды. Әр оқушы өзінің есептерін шығарып, нәтижелерін дәлелдейді.

Ойынның қорытындысы: Тапсырмаларды дұрыс орындап, ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз болады.

Сабақ соңында барлық жиналған балл санын жинақтап, оқушыларды бағалауға болады.

Дидактикалық ойын: “Тыңда және сана”

Дидактикалық мақсаты:

Бірінші ондықтағы сандар құрамын бекіту.

Оқу құралдары:

Сандар жазылған карточкалар.

Ойын мазмұны:

Әр оқушыда 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкалар жиынтығы болады. Мұғалім дабыл таяқшасымен белгілі бір затқа, мысалы, үстелге, нақты ретпен соққы жасайды. Балалар естіген дыбыстар санына сәйкес келетін санды көтеруі тиіс.

Ережелер түрленуі мүмкін:

Соққылар санына жетпейтін санды көрсету;

Соққыларға сәйкес келетін екі көрші санды көрсету;

Бір затқа 8 рет соғып, басқа затқа 3 рет соқса, оқушылар 8-ден 3-ті алып тастап, 5 санын көрсетуі қажет.

Ойын тыныштық пен зейінділікті талап етеді.

Математика сабағындағы ойын мазмұны белгілі бір деңгейде шектелуі керек. Шектен тыс ойынға бейімделу балалардың бәрін ойын деп қабылдауына алып келуі мүмкін.

Қорытынды

Ойын әрекетін білім беру үдерісінде қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Ойын технологияларының әртүрлі түрлері оқу материалын байытып, білімді тереңірек меңгеруге ықпал ете

отырып, әртүрлі пәндік салаларда сәтті қолданылуы мүмкін. Дегенмен, ойындық жағдайларды тиімді пайдалану үшін әрбір пәннің ерекшеліктерін ескеру және ойын тапсырмаларын оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімдеу қажет. Жалпы алғанда, ойын әрекеті қазіргі білім беруде белсенді және тиімді оқытуға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА КАРТОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Нурбаева Каргаш Жалмырзаевна
№4 Ембі қалалық ЖББОМ
География пәнінің мұғалімі

Картографиялық білім география сабағында өте мағызды болып табылады.Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру болып табылады.Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әртүрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға.

Білімдіден шыққан сөз,талаптыға болсын кез», - деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Қазіргі заман талабына сай білім беру көп тәжірибені, мұғалімнің көп ізденуін талап етеді. Сондықтан оқу барысында жаңа технология элементтерін, әдістерін көп қолдану керек. География сабағын сыныптар бойынша жүйені жүргізу. Бастауыш сыныптардағы «Дүниетану», орта буындағы «Физикалық география», жоғары сыныптағы «Экономикалық география» арасындағы байланыс сақталып талап бірдей жүйелі болғанда ғана өзара сабақтастық орнайды, географиялық білім жетіледі. Мысалы: Дүниетанудан судың қасиетін білмеген оқушы, гидросфера тарауында үлкен кедергіге ұшырайды.Оқушының географиялық білімін жетілдірудің бір жолы оқушының өз бетімен ізденуі мұғалімнің әдістемелік көмек көрсетуі. Оқушы кітап көмегімен шектеліп қана қалмай қосымша білім көздеріне сүйенуі керек немесе географиялық жаңа басылымдар жинақтау, теледидар арқылы берілетін хабарларды бейне таспаға түсіру, аудандық, облыстық білім сайыстарына қатысу, басқа мектеп оқушыларымен байланыста болу.Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар жаңа технологиялар және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде жаңа технолгиялардың әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Жаңа технологиялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл - ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Географияның пән ретіндегі ерекшелігі-ол материалдың үлкен көлемін қамтиды. Бұл ретте ақпарат көлемі жыл сайын артып келеді. Сыныпта мұғалім оқушылармен интерактивті тілдесу арқылы тиімді әңгіме үлгісін жасай алатын, оқыту үшін зерттеуге және өзара ынтымақтастыққа

ықпал ететін жағдай жасауға міндетті.Оқыту дегеніміз – баланы субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, соған сай қабілетін арттыратын жағдайлар тудыру болып табылса, қызықтыру, зейініне әсер ету, сезіміне әсер беру мұғалімнің басты мақсаты болуы тиіс. География сабақтарында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданып картографиялық білімдерін артырып, пәнге деген зерттеушілік қызығушылықтарын дамыту қазіргі білім берудің негізі болып саналады. Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан - жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байла- нысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады: Қызығушылығын ояту. Мағынаны тану. Ой толғаныс.Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады.Оқу сапасын арттыру үшін күнделікті сабақта жаңа технологияларды, жасанды интеллект элементтерін пайдалану, картографиялық білімдерін жетілдіру,дамыту үлкен жетістікке жеткізері сөзсіз.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Казиева Нуржауган Султангалиевна
№3 Хромтау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Табиғат адамға жаңаны аша алатын, шығармашылық шабытта ғана түрлі сезімдерге бөлене алатын керемет қабілет дарытқан. Адамның жаңаны ашу қабілеті тектен тек емес. Ол демалу, тамақтану, ұйықтау т.б. сияқты генетикалық тұрғыдан дарыған даму құралы.

Барлық табиғи қасиеттер сияқты адамның бір нәрсені ашу, зерттеу қабілетін бағыттап отыруға: дамытуға немесе көңіл бөлмеуге, өсіруге немесе керісінше шектеуге болады.

Ал осы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қазіргі мектеп шынайы ашып, дамыта ала ма? Бұрынғы философтар кез келген ұжымдық білім беруді адамзаттың өз даму жолында қойған қақпаны деп атайды. Мектеп қабырғасынан шыққан түлектерді 3% ғана жоғары сападағы шығармашылық білімділік өнім шығаруға қабілетті екені дәлелденген. Дайын білімді беру арқылы мектеп тұтынушына ғана, барлығын тек жатқа білетін энциклопедияшыны ғана қалыптастырады. Ал жасаушы, ойлаушы ,құрушы шығармашыл дарынды тұлға шығару мәселесі әлі де зерттелуде.

Білім беруді әдетте өскелең ұрпаққа өткеннің тәжірибесін табыстау деп санаймыз. Алайда жылдам өзгеріп жатқан әлемде, өзін- өзі іске асыру қажеттілігі туындаған уақытта табысталған білім жеткіліксіз болып отыр. Қазіргі заман адамынан таңдау жағдайында дұрыс әрекет ету, өз мақсаттарыңды дұрыс қойып, оған жету жолдарын дұрыс ойластыру, жеке, кәсіби, білім саласында жемісті қызмет ету,ерекшелену талабы күннен күнге өсуде.

Сондықтан қазіргі мектеп оқушылардың жеке шығармашылық жүзеге асуы мен адамзатты тарихи-мәдени аналогтарының үйлесімділігін қарастыратын дидактикалық жағдайларды анықтайды. Дәстүрлі оқытуда оқушы алдымен «білімді алады», сосын кейін оны қолданады, оның ішінде шығармашылықпен қолданады деп есептеліп келді. Қазіргі креативті типті білім беруде оқушы алдымен білімді өз бойындағы бар білім мен жемісті қызмет жасау арқылы құрады. Ол алған білімділік өнім (шығарма, болжам, модель,жоба т.б.) кейін мұғалімнің көмегімен салыстырылады. Оның нәтижесінде барлық әрекет талданады.

Бұл білім беру Сократ әдісінен бастау алып, әңгімелесіп отырған адаммен арнайы сұрақтар арқылы жаңа білімнің пайда болуына алып келетін әдістерді қолдану.

Адам бойындағы жасырын білімді шығару тек әдіс қана емес, оның білім алуының принципі деп те қарағанымыз дұрыс болады.

Бұл жағдайда оқушыға әр оқитын пәні бойынша білім алудың өз траекториясын құру ұсынылады. Оқушы білім ғана емес, сабақтың жеке құрылымын, білім алу бағдарламасын, бағалау әдістерін өзінше құрады. Мұғалімнің мақсаты — әр оқушыға білім алудың жеке траекториясын құруда шығармашылдықпен жұмыс жасауға көмектесу.

Шығармашылыққа бағытталған білім беруде адамзаттың мәдени-тарихи жетістіктерінің орны мен маңызы,оның ішінде білім беру стандарты өзгереді. Сөзсіз жаңашыл - инновациялық технологиялардың көбі оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Дегенмен қазіргі педагогика ғылымы құндылықтар мәселесі мен білім беру мақсаттарын жеделдетіп құрастырғанымен, оларды толық түсінбеу- қазіргі педагогиканың проблемасы болып отыр. Дәстүрлі оқулықтағы дайын білімнің оқушы санасына құйылып қана қойылуы, қоғам сұранысындағы тұлға қалыптастыруға жеткіліксіз екендігін уақыттың өзі дәлелдеді.

Шығармашылық қызмет жасауға жасалатын жағдай қандай? Американдық психолог К.Р. Роджерстің айтуынша « Шығармашылыққа ұмтылдыратын ,соған түрткі болатын нәрсе- адамның өзін -өзі жүзеге асыру, өз мүмкіндіктерін көрсетуге деген ұмтылысы» дейді..

Шығармашылық табиғатын зерттеген ғалымдар шығармашылық қызметке сәйкес соған ұқсас қабілеттерді қазір креа¬тивтілік деп атауды ұсынды. Педагогика ғылымында креативтілікке түрлі қабілеттерді: проблеманы шеше алу, құрастыра алу, өзгелерден ерекше орындау т.б. жатқызады.

Педагог В.С. Шубинский шығармашылық процестер кезеңіне сәйкес оқушылардың шығармашылық қасиеттері жүйесін ұсынады:

1) Шығармашылық жағдаяттың туу кезеңі — жаңаны сезіну, ерекшілік,өзгешілік, қарама-қайшылықтарды тез сезіну,сыншылдық, шығармашылық күдікке жақын болу, (барлық

нәрседен күдіктену) , ішкі арпалысты сезіну қабілеттілігі, ақпараттық аштық (тануға қанбау)

2)Шығармашылық шабыт кезеңі -шығармашылық елес, сұлулықты сезіну, ой ұшқырлығы, ұқсасты ашуға қабілеттілігі, «қанат біту», шабыттану, ойлау ерекшелігі, батылдық, шығармашылық жағдайда эмоциялық қозушылық;

2) Аяқталу кезеңі — өзін-өзі сынау, істі аяғына дейін жеткізуге деген талпыныс, дәлелдеудің түрлі формаларын қолдана алу , шығармашылық нәтижесін түсіндіріп,дәлелдей білу, білімділік, тәжірибе, біліктілік тереңдігі;

Креативтілік — жан-жақты ойлауға, сезінуге, әрекет етуге ұмтылыс,бағыттылық.

Креативті қасиеттер жалпы білім беру процесінде оқушының шығармашылық өнім шығаруын қамтамасыз етеді:

— эмоциялық- бейнелік қасиеттер: шабыттану, шығармашылық жағдаяттарда эмоциялық көтерілу,жоғарлау; бейнелілік ,қиялдау,армандау,қиялдауға жақын болу,

— елестету,жаңаны, ерекшені сезе білу, қарама-қайшылықтарды сезіну, шығармашылық күдіктенуге даяр тұру, ішкі күресті сезіну, эмпатияға қабілеттілік, белгі,символдармен жұмыс жасау қабілеті;

— белсенділік, өзгелерден бұрын ниет білдіруге жақындығы, ойдан шығару, ойдан шығаруға даярлық, өз жеке ерекшелігінің болуы,өзгелерге ұқсамауы, ассертивтілік;

— идеяларды генерациялау қабілеті, мәтінмен, т.б. таным обьектілерінен жеке,немесе өзге оқушылармен бірігіп өнім шығару қабілеті;

— мектеп, отбасы, немесе өзге әулеметтік ортада ұстанатын тәртіп нормаларын бұзбай, еркін ойлау, сезіну, әрекет ету қабілеті;

— білуге деген құштарлық, таныс емес заттан таныста көре білу немесе керісінше, проблеманы шешу барысында стериотиптерді жеңіп, өзге аяда,өзге кеңістікке шыға білу қабілеті, ;

— оқылатын обьектімен таныса білу, оны тану әдістерін меңгеру, құрылымы мен құрылысын анықтай алу,ұқсас обьектілермен байланысын табу, обьектінің құрылымына қарай оны танудың жаңа тәсілдерін шығару;

— болжам айта алу, гипотезалар құрай алу, қосымша ой айту, заңдылықтар, формулалар, ержелер құрастыра алу;

— дәстүрлі емес эвристикалық әдістер : интуиция, инсайт, медитацияны меңгеру;

— тәуелді болмау, білім беру стандартынан тереңдігімен, тақырыбымен, мағынасымен, жалпыдан ерекшілігімен өзгешеленетін жеке білім нәтижелерін құрау,ұсыну;

— тәуекелге (риск) жақын болу;

- Сайыстарға, олимпиадаларға қатысу, жоба орындау және оны қорғау формаларында өзінің шығармашылық қабілетерін жүзеге асырудағы тәжірибесінің болуы;

Креативті әдістер .Креативті әдістер оқушылардың жеке білімділік өнім шығаруына бағытталады.

Ойдан шығару әдісі— оқушылардың ойлау қызметі нәтижесінде бұрын белгісіз білімділік өнім құруы. Ол төмендегі тәсілдермен іске асады: а) бір обьектінің қасиетерін басқа обьектімен ауыстыру ,сол арқылы жаңа обьект құру б) обьектінің құрамын өзге ортадан іздеу в) зерттелетін обьектінің элементтерін өзгерту, одан шыққан обьектіні суреттеу

«Егер де .....» әдісі Оқушыларға егер әлемде бір нәрсе өзгерсе, не болатындығын суретке салу немес ауызша айту ұсынылады. Мысалы : жердегі гравитацияның күші 10 есе күшейсе не болады, сөздердегі жалғаулар жоғалып кетсе, жыртқыш жануарлар шөп жейтін болса, т.б. Бұл әдіс бойынша оқушылардың қиялы ғана дамып қоймайды, олар шынайы әлемнің құрылымын жақсы түсініп,ондағы тіршіліктің байланысын ұғынуға көмектеседі.

Бейнелі суреттеу әдісі. Бұл әдіс бойынша оқушыларға зерттелетін обьектінің тұтас суреттелуі мен салынуы ұсынылады. Мысалы оқушы түсінігіндегі космос, әлем, ата-ана,отбасы, білім алу, Бұл әдісті жылына 2-3 рет жүргізу арқылы оқушының әлемді қабылдаудағы өзгерістерін қадағалауға болады,сол арқылы оқу процесін реттеуге мүмкіндік бар.

«Миға шабуыл » (А.Ф. Осборн). Әдістің негізгі мақсаты—оқушыларды ойландыру арқылы барынша көп идеялар алу, жинау. Миға шабуыл сергітуден басталады – жаттықтыру түріндегі жеңіл сұрақтарға жауап күтіледі. Талқыланатын сұрақ қайта айтылып, миға шабуыл басталады

Әр оқушы өз ойын айтып, толықтыра алады. Әр топтан эксперт сайланып, ол идеяларды жазып отырады. Шабуыл 10-15 минутқа созылды. Миға шабуыл жасауға дәстүрлі емес шешімге келетін сұрақтар қойылады.

Оқушы бойындағы жасырын шығармашылдықты ашып, оның дамуына жағдай жасап,ықпал еткенде ғана мұғалімнің шынайы қабілеті ашылады. ЮНЕСКО-ның «XXI ғасырдағы білім беру философиясы » симпозиумында «Адам білім беру аясында өзін - өзі білімді ету жолына , өмірді, табиғатты, мәдениетті сақтауда септігін тигізетін ойлау мен әрекет ету тәсілдерін саналы да жауапкершілікпен таңдау жолына түсуі керек ...» деп айтылған ой қазіргі білім берудің бағытына сай келеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ


Кайсарханова Баян Казболатовна

Кайсарханова Баян Казболатовна
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
№4 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Кайсарханова Баян Казболатовна

Аңдатпа

Мақалада еліміз Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалыптасуына үлес қосқан, қайталанбас тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орны мен бүгінгі ұрпақтың білімінің шамын жағуға қосқан үлкен әсері жайлы, әдебиет туралы ойлары туралы жазылған. Ақынның шығармашылық зертханасының ерекшеліктерін, көркем шығармалар жайлы жазған сипаттамаларына анықтама берілген. қалыптасуы, әдебиеттануда теориялық ұғымдардың зерделенуі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен тікелей байланысты, бұған қоса оның ғылыми – педагогикалық, ағартушылық және ғылыми – ұйымдастырушылық қызметі саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеуде ерекше рөл атқарған. Ұлы ғұлама ғалым, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің қалыптасуына ұйытқы болуы, оның орасан зор еңбегі жайлы, бүгінгі ұрпақ оның еңбектерін оқи отырып, таниды.

Ыбырай Алтынсариннан кейінгі еңбегі ерекше ағартушы - педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын еліміз Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалыптасуына үлес қосқан, қайталанбас тұлға, мәдениет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылдың 28 қаңтарында сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші ауылында, Сарытүбек деген жерде дүниеге келген.

Әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтау жасаған. Әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Ахмет Байтұрсынұлының жекелей ғалымдығына келсек, ірі лингвист, осы күнгі қазақ тіліндегі барлық терминдердің атауы қазақ тілінде Ахаң аударған терминдер, біз сол атаулармен атаудамыз. Әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, біздің дәуірдегі қоғам қайраткері, болашқ халқының қамын - бітпейтін жүрегімде бар бір жара" деп, өмір бойы ойлап, ақырғы демі біткенше халқы үшін еңбек еткен алып тұлға екен.

Бала кезінде әкеден, ағадан тірідей айрылып, жауыз патша жендеттерінің қолынан қаза тапқан қадірлі адамдарының жазықсыз жандарды қорғаймын деп, халқы үшін өмірлерін қиған ардақты екі азаматтың опат болғаны жас Ахмет жүрегіне жазылмас жара салған еді. Жас сәбидің жүрегі сол жылдарда - ақ патша заманының зұлымдығына мұз болып қатып, жүрегіне жара болып жабысқан еді.

Алғаш-ақ қазақтың еркін жайлаған жерін таптап, ғасырлар бойы мекендеген жерін алып, орыс переселендеріне беріп, халқын қараңғыда ұстап, езіп-жаншып отырғанын ең алғаш көрген де Ахаң еді.

Әдебиеттану саласында Абай шығармаларының халықтық сипаты, түрлі жанрлары, поэтикалық ерекшеліктері, текстологиясы, жаңашылдығы тарау-тарау, сала-сала сараланып талданады. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Султанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров тұғырын тұрғызып дәстүр бастаған абайтану ғылымы бір ғасырдың ішінде қанатын кеңге жайып тереңдеп кетті.

Жалпы қазақ тіл білімінің қалыптасып, зерттеліп, танылуында Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Оқу құралы» және «Тіл құралдарының» еңбектерінің маңызы айрықша.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі және қазақ тіліне байланысты оқулықтарды жазуды 1910 жылдан бастап қолға алған болатын. Сонымен бірге қазақ тілінің графикасын да жасауға ұмтылды. Қазақ графикасына негіз ретінде қазақ мәдениетіне де өзге туыстас халықтардың дүниесіне де жақын араб тілі таңбаларын пайалана отырып, оны қазақ фонетикасына икемдеп, қазақ дыбыстары жоқ таңбаны алфавиттен шығарып, араб таңбалары жоқ дыбыстарға таңба қосып, қазақ тіліндегі жуанды әрі жіңішкелі үндестік заңына сай етіп жазуға ыңғайлы дәйекші белгілерін жасайды. Солай, 24 таңбадан құралған жазуды «қазақ жазуы» деп атап, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атап кеткен қазақтың тұңғыш ұлттық графикасын жасап шығарады. Одан соң осы жазуды үйрететін әліппе құрастырып шығарады. 1911-1912 жылдары осы еңбегі Уфа

мен Орынбор қалаларында басылып шыққан әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдардың арасында жеті рет қайтадан басылып, оқыту істерінде ұзақ түрде пайдаланылып келді. 1926 жылдары ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазуға ниеттенді. Ал оның осы талпынысы, қазақ тілін пән тұрғысында оқытатын оқулықтар жазумен ұласып, «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен құралған, шағын үш кітабының жарыққа шығуына алып келді. «Тіл-құралы» еңбегі тек қана мектеп оқулығы реінде емес, қазақ тілін ана тілі ретінде тануына негіз болған еңбек болды десек қателеспейміз.

Алашымыздың ардақтысының И.А.Крыловтың мысал өлеңдерінен аударылған бір топ өлеңнің «Қырық мысал» атымен кітап болып басылуы XX ғасырдың басында болған үлкен шоқтығы биік жеңістеріміздің бір болғандығы даусыз. «Қырық мысал» тағлымдық мәні жоғары әрі көркемдік мәні биік асыл мұра. Ахаңның осы бір еңбегі көп жылдар бойы қапаста жатып, халқына оралғаннан кейін де құнын жоймай, халықтың рухани қажетін өтеуде. Ал Ахаң А.С.Пушкиннің аударған «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармалары және И.И.Хемницердің «Атпен есек», орыстың ақыны С.Я.Надсоннан аударған өлеңдері бір төбе. Сонымен бірге Т.Шонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралы» еңбегіндегі авторлары берілмеген аудармалары да қалың көпшіліктің қызығушылығын тудырады.

Ахаңның тағы бір ғалым ретінде қазақ тіліне қосқан үлесі- осы салалардағы терминдерді жасай білуі. Осы кндері қолданылып келе жатқан, зат есімдер мен сын есімдер, есімдік, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер секіді сан алуан лингвистикалық атаулардың барлығы Ахаңдікі екендігі даусыз.

Жалпы сөзімізді қорытындылай келе, «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам-Ахмет » -деп өзінің түйінді пікірін айта кеткен Сәбит Мұқановтың пікірімен келіспеске амалымыз қалмайды. Иә, Ахаң түрлеген ана тіліміз бен оның еліне қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсетіндігіне еш күмәніміз жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегі халықтың асыл мұрасы, әрбір жазған шығармасы елдің ертеңі. Ендеше, «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» деп Ахаң айтқандай, оның әрбір туындысын бойымызда берік сақтап, жас ұрпаққа үйреткенде ғана еліміздің ертеңі жарық болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: "Жібек жол" баспа үйі, 2002.
2. Қазақ әдебиеттанушы. Алматы: "Елтаным баспасы",-2015. Ісімақова А.С
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 5-том. Алматы. ҚАЗақпарат-2006
4.Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/ Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: "Ақ арыс" баспасы, 2009

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА

Кайырбаева Гаухар Бауыржановна
№4 Хромтау орта мектебі
Педагог-сарапшы

Қазіргі заманда білім әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру – әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. Осы тұрғыда заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану білім беру үдерісін өзгертуде басты рөл атқара бастады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қабілетін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелерді құрумен айналысатын информатика саласы. Соңғы онжылдықтарда ЖИ медицина мен өндірістен көлік пен ойын-сауыққа дейін адам өмірінің көптеген салаларына мықтап енді. Бірақ жасанды интеллект қолданудың ең перспективалы және маңызды бағыттарының бірі білім беру болып табылады.

Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы.

Алдымен білім берудегі жасанды интеллект дегеніміз не және осы салаға қандай технологиялық компоненттер кіретінін анықтайық. Көптеген зерттеушілер әртүрлі аспектілерге, соның ішінде машиналық оқытуға, нейрондық желілерге және деректерді өңдіруге, олардың білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құрудағы рөліне назар аударды.

Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды қамтиды.

Мектептерде жасанды интеллектті қолдану. Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені ЖИ мұғаілімнің жұмысын жеңілдетеді. Сабақ жоспарын құрудан бастап , кезкелген құжатты өңдеуге дейін.

Оқу үдерістерін автоматтандыру.

Жасанды интеллект мектептердегі оқу үдерісінің әртүрлі аспектілерін автоматтандыруға қалай көмектесетінін егжей-тегжейлі қарастыруға болады. Міне, жасанды интеллект білім беру процестерін автоматтандырудың кейбір нақты жолдары:

1. Оқу материалдарын басқару:
2. Электрондық тесттер мен бағалаулар:
3. Әкімшілік тапсырмаларды басқару:
4. Кері байланысты басқару жүйелері:
5. Қабылдау және қабылдау процесін автоматтандыру:

Құжаттарды және сұхбаттарды автоматтандырылған сканерлеуді және талдауды қоса, қабылдау және білім алушыларды іріктеу процесін жеңілдету үшін ЖИ пайдалану.

Білім беру үдерістерін автоматтандыру мұғалімдер мен әкімшілерге мектеп ресурстарын тиімдірек басқаруға және сапалы білім беруге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ автоматтандырудың артықшылықтары мен міндеттерін талқылау және оқу процесінде адамдардың өзара әрекетін сақтауға назар аудару маңызды.

Виртуалды мұғалімдер және білім беру қосымшалары.

Жасанды интеллект виртуалды мұғалімдерді және оқу үдерісін байытатын білім беру қосымшаларын жасауға үлкен көмегін көрсеткенін білеміз. Міне, жасанды интеллекттің жасаған жетістіктері:

1. Виртуалды мұғалімдер:

Виртуалды мұғалімдер білім алушылармен байланысып, әртүрлі тақырыптар бойынша ақпарат бере алатын чат-боттар, виртуалды кейіпкерлер немесе дауыстық көмекшілер түрінде келеді.

Олар білім алушыларға тапсырмаларды орындауға көмектесе алады, қиын ұғымдарды түсіндіре алады және зерттеу бойынша ұсыныстар жасай алады.

2. Білім беру қолданбалары:

Жасанды интеллект көмегімен білім алушыларға интерактивті тапсырмалар, тесттер, жаттығулар мен ойындарды қамтамасыз ететін білім беру қосымшалары жасалады.

Бұл қолданбалар білім алушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімделіп, жеке тәжірибені қамтамасыз етеді.

3. Талдау және кері байланыс:

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін білім беру қолданбалары оқушылардың үлгерімін талдап, үлгерім мен жақсартудың ықтимал бағыттары туралы егжей-тегжейлі кері байланыс бере алады.

Бұл білім алушыларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге көмектеседі.

4. Білімге қол жеткізу:

Виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбалары қашықтан оқытуда әсіресе пайдалы болуы мүмкін

көптеген білім мен оқу материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
Білім алушылар әр түрлі пәндер мен дағдыларды өз уақытында меңгере алады.
5. Интерактивті оқыту орталары:
Виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбалары интерактивті оқу орталарын жасайды, бұл білім беруді оқушылар үшін тартымды әрі қызықты етеді.
Олар белсенді қатысуға және білімді іс жүзінде қолдануға ықпал етеді.

Білім беруде жасанды интеллекттің табысты ету мысалдары.
Жасанды интеллектті мектептегі білім беруде сәтті қолданудың нақты жағдайлары мен оқиғаларын ұсыну маңызды. Себебі жасанды интеллект кез келген саланы табысқа жеткізе алады. Соның дәлелі келесі мысалда:
1. Khan Academy:
Khan Academy – оқу материалдары мен тапсырмаларды қамтамасыз ету үшін ЖИ-ті қолданатын танымал платформа. Жүйе оқушының деңгейіне бейімделіп, математика, жаратылыстану және басқа да пәндерді оқыту үшін жекелендірілген ұсыныстар береді.
2. Duolingo:
Duolingo – үйрену тәжірибесін пайдаланушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеу үшін ЖИ-ті қолданатын тіл үйрену қолданбасы. Жүйе тіл дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі жаттығулар мен кері байланыс ұсынады.
3. Carnegie Learning:
Carnegie Learning - жекелендірілген оқу жоспарларын жасау үшін ЖИ пайдаланатын математикалық білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың математикаға деген сенімділігін және дағдыларын дамытуға көмектеседі.
4.ScribeSense:
ScribeSense – сабақтар мен дәрістерді автоматты түрде транскрипциялау үшін ЖИ қолданатын қолданба. Бұл мұғалімдер мен білім алушыларға оқу материалдарының мәтіндік нұсқаларын оңай алуға және оларды талдауға мүмкіндік береді.
Осы мысалдардың әрқайсысында ЖИ оқытуды жекелендіруде, кері байланысты қамтамасыз етуде және білімге қолжетімділікті жеңілдетуде рөл атқарады. Олар сонымен қатар әртүрлі білім беру сценарийлерінде ЖИ пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігін көрсетеді.
Қорытынды. Жасанды интеллект біздің өміріміздің барлық саласына еніп жатқан керемет қуатты құрал және білім де артта қалмайды. Біз ЖИ қазірдің өзінде білім беру процесіне қалай оң өзгерістер енгізіп жатқанын және білім алушылар мен мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер беріп жатқанын қарастырдық. Дербес оқыту, процестерді автоматтандыру, деректерді жинау және талдау, виртуалды мұғалімдер мен білім беру қосымшаларын жасау білім беру сапасын арттырады және пайда әкеледі.

Жасанды интеллект білім берудің ажырамас бөлігіне айналуда, біздің оқу және табысқа жету жолын өзгертеді. Қиындықтарға қарамастан, осы саладағы ілгерілеудің келешегі жігерлендіреді, қазіргі заманғы әлемнің қажеттіліктерін көрсететін неғұрлым қолжетімді, жекелендірілген және сапалы білім беруге жол ашады.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ



Калашникова Галина Владимировна
учитель начальных классов, педагог -исследователь
КГУ «ОСШ №1 им И.Ф.Халипова» КГ
«Отдел образования по Талгарскому району
Управления образования Алматинской области»
г. Талгар

В современном образовательном процессе читательская грамотность занимает одно из центральных мест, поскольку она является основой для успешного усвоения знаний и формирования критического мышления у учащихся. Читательская грамотность включает в себя не только умение читать и понимать текст, но и способность анализировать, интерпретировать и взаимодействовать с различными текстовыми материалами. В условиях информационного общества, когда объем доступной информации постоянно растет, умение критически осмысливать прочитанное становится особенно актуальным. Введение в данную тему позволяет осветить важные аспекты, касающиеся развития читательской грамотности в образовательном процессе, а также выявить проблемы и перспективы, связанные с этой областью. Читательская грамотность представляет собой важный аспект образовательного процесса, охватывающий не только навыки чтения и понимания текста, но и способности анализировать, интерпретировать и оценивать информацию. В современной образовательной системе России это понятие приобретает особую актуальность, так как формирование читательской грамотности требует от учащихся активного участия и сердцее осмысления во взаимодействии с текстами, что в свою очередь способствует более глубокому восприятию информации и развитию критического мышления. В результате зарубежных исследований, таких как “PIRLS” и “PISA”, стало очевидно, что российские школьники демонстрируют недостаточные результаты в читательской грамотности по сравнению со сверстниками из других стран. Эти исследования показали, что читательская грамотность школьников включает в себя умения находить, извлекать и интерпретировать информацию из различных текстов, а также осмыслять и оценивать данные. Это подчеркивает необходимость в сильной основе читательских навыков, которая необходима для успешной интеграции в мировое образовательное пространство. Современные образовательные стандарты акцентируют внимание на том, что читательская грамотность складывается из комплекса умений, включая навыки критического анализа информации и практического её применения. В условиях быстро развивающегося информационного общества читательская грамотность становится одним из важнейших навыков, необходимых для личной и профессиональной успешности. Кроме того, чтение разнообразной литературы формирует обширный словарный запас и навыки эффективной коммуникации, что предполагает повышение общей культурной компетенции учащихся. Формирование читательской грамотности напрямую связано с развитием метапредметных умений учащихся. Этот процесс компетенции включает в себя различные аспекты, начиная от способности распознавать основные идеи текста, заканчивая навыками саморефлексии. Как показывает практика, обучение чтению на начальном этапе закладывает основы для дальнейшего развития не только учебных навыков, но и личностных качеств, таких как самосознание и способность к аргументации своей точки зрения. Учитывая все вышеизложенное, становится очевидным, что для успешного формирования читательской грамотности необходимо комплексное взаимодействие всех участников образовательного процесса. Это может быть достигнуто через согласованные усилия учителей разных предметов, что позволит воспитать у учащихся не только навыки чтения, но и устойчивую способность к критическому мышлению и оценке информации в разных контекстах. Важно отметить, что читательская грамотность влияет на успехи учащихся не только в учебной деятельности, но и в будущей профессиональной жизни, что делает её разработку актуальной задачей для современной школы.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ТІЛ БОЛАШАҒЫ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

Каримова Бакытханым Сагидуллакызы
№6 Хромтау гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!
(Қ.Мырзалиев) Ана тілі–ең басты байлығымыз. Қазақ ұлтының ана тілі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі. «Ана тілі — халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі»,- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек. Тіл — ұлттың жаны.Ол халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі — оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Еліміздің әр азаматы тіл тағдыры — ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпауы тиіс. Біздің мемлекеттік тіліміз, ана тіліміз осы тілді жасап келе жатқан халқымыздың өткені, бүгінгісі, ертеңі. Қазақ тілі өзінің даласындай дархан, көңіліндей кең, халқымыздың қасиетті қара домбырасының үнімен үндесіп жатқан тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Ана тіліміз – әкеміздің қанымен, анамыздың бесік тербеп салған әнімен бойымызға сіңген, туған халқымыздың небір асыл жәдігерлерін заманымызға жеткізген қастерлі тіл. Ана тіліміз – ұлтымыздың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.Халқымызға сан ғасыр арман боп келген тәуелсіздіктің ең басты тірегі, белгісі де – ана тіліміз, ұлттық мәдениетіміз. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, баға жетпес қазынасы мен байлығына балайды. Оның себебі неде? Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі екенін ұмытпауға тиіспіз.Тас бұлақтың тұнығы да , ана сүтінің жұғымы да сенде, райхан гүлдің жұпары да, назды сұлудың нәзіктігі де, сахара даланың жазықтығы да қасиетті қазақ тілімізде!

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым, атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра, еліміздің іргетасы, яғни «ұлттың қуаты — тілінде». «Тәрбие басы — тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Махмұд Қашқаридың есіміне қатысты.

Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз да баршылық.Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы елбасымызды аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөзі бар. Ал кейінгі Қазақстан халқына жолдауында айтылған «Біз барша Қазақстандықтарды біріктіруші басты факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деген уәжінде қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр.

Қазақстанда қазақ тілі –мемлекеттік тіл. «Ұлттың тілі – ұлттың діні» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.
Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішіңді бөлісіп, өзіңді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл — ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Ақын Оразақын Асқар «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде: Көрінесің көзге шыққан сүйелдей, Сұрақтар да шаншу болып тиер кей. Құтылмайсың барлық тілді білсең де, Өз тіліңнің

көмегіне сүйенбей… Ана тілінде ата-баба сыры бар, Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар. Өсе келе құстың тілін білсең де, Ана тілсіз оның қандай құны бар, — деп өлең жолдарында өз тілің өзге тілді үйренуге де басты тірек екенін баяндаған. «Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық. Сөзімнің соңын өзімнің ана тілге арналған жыр жолдарымен түйіндегім келеді. Ана тілім — аяулы үнім, ардақтым, Өзіңменен күллі әлемге тіл қаттым. Нар бабамның көзіндей боп сақталған, Нұрлы жұлдыз туған тілім қымбатсың.

Ана тілім–бақ-қазынам, айбыным, Сенсіз менің өтіп жатыр қай күнім?! Тұғыры биік туған тілім тұрғанда, Өзге тілде сөйлер болсам қайғы-мұң.

Ана тілім – тірегім, ар намысым, Бар қазақтың қастерлер ардағысың Әр жүректе ұран болып жырланар, Жарқырап шығатұғын таңда нұрсың.

Жаса мәңгі, жасай берші тілегім, Бір өзің деп соғар менің жүрегім. Сенсің менің болашағым, өткенім, Сенсің менің енді жасар көктемім.

Қазыналы, қастерлі ана тілім, Талмауын мен тілейін қанатыңның. Бойымда қазақ деген қаным барда, Өзің ғана көтерер дара туым.

назды сұлудың нәзіктігі де, сахара даланың жазықтығы да қасиетті қазақ тілімізде!

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым, атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра, еліміздің іргетасы, яғни «ұлттың қуаты — тілінде». «Тәрбие басы — тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Махмұд Қашқаридың есіміне қатысты.

Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз да баршылық.Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы елбасымызды аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөзі бар. Ал кейінгі Қазақстан халқына жолдауында айтылған «Біз барша Қазақстандықтарды біріктіруші басты факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деген уәжінде қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздеп отыр.

Қазақстанда қазақ тілі –мемлекеттік тіл. «Ұлттың тілі – ұлттың діліі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.

Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзіңді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл — ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Ақын Оразақын Асқар «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде: Көрінесің көзге шыққан сүйелдей, Сұрақтар да шаншу болып тиер кей. Құтылмайсың барлық тілді білсең де, Өз тіліңнің көмегіне сүйенбей… Ана тілінде ата-баба сыры бар, Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар. Өсе келе құстың тілін білсең де, Ана тілсіз оның қандай құны бар, — деп өлең жолдарында өз тілің өзге тілді үйренуге де басты тірек екенін баяндаған. «Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық. Сөзімнің соңын өзімнің ана тілге арналған жыр жолдарымен түйіндегім келеді. Ана тілім — аяулы үнім, ардақтым, Өзіңменен күллі әлемге тіл қаттым. Нар бабамның көзіндей боп сақталған, Нұрлы жұлдыз туған тілім қымбатсың.

Ана тілім–бақ-қазынам, айбыным, Сенсіз менің өтіп жатыр қай күнім?! Тұғыры биік туған тілім тұрғанда, Өзге тілде сөйлер болсам қайғы-мұң.

Ана тілім – тірегім, ар намысым, Бар қазақтың қастерлер ардағысың Әр жүректе ұран болып жырланар, Жарқырап шығатұғын таңда нұрсың.

Жаса мәңгі, жасай берші тілегім, Бір өзің деп соғар менің жүрегім. Сенсің менің болашағым, өткенім, Сенсің менің енді жасар көктемім.

Қазыналы, қастерлі ана тілім, Талмауын мен тілейін қанатыңның. Бойымда қазақ деген қаным барда, Өзің ғана көтерер дара туым.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кенжеева Гулбану Серіккалиқызы
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
«Қарашоқат жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ,
математика пәнінің мұғалімі

Кіріспе

Математика – білім беру жүйесінің маңызды бөлігі. Ол оқушылардың логикалық ойлауын, проблемаларды шешу қабілетін және аналитикалық дағдыларын дамытады. Қазір жасанды интеллект білім беру саласына үлкен өзгерістер әкелуде. Математиканы оқытуда ЖИ технологияларын пайдалану оқу процесін жеңілдетіп, олардың дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Жасанды интеллект технологияларын математика сабақтарында пайдалану арқылы оқытудың әртүрлі әдістерін көрсету. Жасанды интеллекттің математика сабақтарындағы тиімділігін зерттеу және көрсету.

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде ЖИ қызметін түсіну мен қолдану қажеттілігі. Математика сабақтарында оқушылардың үлгерімін арттыру және оқыту әдістерін жаңарту қажеттілігі.

Тапсырмалары:

1. Жасанды интеллекттің математика сабақтарында қандай функцияларды атқаратынын зерттеу
2. Оқушылардың нәтижелеріне әсерін анықтау
3. ЖИ негізіндегі оқу әдістерін әзірлеу.

Математика сабағында жасанды интеллектті қолдану білім беру процессі үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен қызығуларына сәйкес математикалық білім беру тәсілдерін еселеу үшін жасанды интеллектті интеграциялау сұранысқа ие болып отыр. Бұл технология презентациялар, тапсырмалар мен тестілерді автоматты түрде дайындаумен шектелмейді, сонымен қатар, ол оқушылардың білімін бағалаудағы инновациялық шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект қолдану әдістемесі математиканы оқытуда интерактивті элементтерді енгізу жолымен жұмыс істейді. Оқушыларға қамтылған векторлар, графиктер және визуализация құралдары арқылы күрделі математикалық принциптерді нақты түсінуге көмектесетін бағдарламалар жасалды. Мысалы, оқушылар геометриялық формаларды немесе функциялардың графиктерін визуалды түрде көре отырып, олардың қасиеттерімен танысуды жеңілдетеді. Жасанды интеллектке негізделген платформалар мен бағдарламалар, тек оқу процесін жеңілдетіп, түсінікті ете бермейді. Олар сонымен бірге мұғалімдерге де көмек көрсетіп, сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Мұғалімдер сабақтың барысында оқушыларды бақылап, олардың қажеттіліктерін талдап, сабақ жоспарын оңай өзгерте алады. Бұл инновациялық жүйе мұғалімдерге өздерінің тәжірибелері мен біліміне сүйене отырып, сапалы әрі негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті енгізу оқу процесінде уақытты тиімді пайдалануға да ықпал етеді. Оқушылар математиканы үйренген кезде, академиялық жүктемені жеңілдету мен белгілі бір жастағы оқушыларға сәйкес бағдарламалар әзірлеу басты міндеттердің бірі болып табылады. Ол оқу процессіне жедел және тиімді жауап бере алатын автоматтандырылған жүйелер арқылы мүмкін болады. Оқушылар ұзақ уақыт бойы орындалатын стереотиптік тапсырмалардан алып тасталып, көңілдері қалаған қиялдары мен шығармашылығына көмектесетін жаңа әдістерге ауысуға мүмкіндік алады. Осылайша, математика сабағында жасанды интеллекттің енгізілуі, инновациялық оқыту әдістері мен жаттығулары арқылы оқушылардың білім алу процесін едәуір жақсартуға ықпал етеді. Бұл технологиялар оқушылардың жеке қабілеттері мен жоғары деңгейлі дағдыларын дамытуға, олардың сапалы білім алудағы мотивацияларын жоғарылатуға, сонымен бірге, мұғалімдер үшін жұмысын жеңілдетуге жол ашады. Жасанды интеллект – қазіргі заманғы білім беру жүйесіне жаңаша көзқарас танытады.

Жасанды интеллектті математика сабағында қолданудың әдістемелері мұғалімдер мен оқушылардың оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістемелер білім беру ортасын технологиялық тұрғыдан байыта отырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды белсенді қатысуға шақырады. Мұғалімдер жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, оқу материалдарын интерактивті

және қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік алады. Сабақ барысында жасанды интеллектті қолданудың бірнеше жолдары бар. Біріншіден, адаптивті оқу жүйелері әрбір оқушының жеке қабілеттеріне сәйкес оқу жолдарын ұсына алады. Мысалы, оқушылар тест тапсырмаларын орындаған соң, жүйе олардың нәтижелеріне қарай алдағы сабақтарда қандай тақырыптарды қайталау немесе тереңдету керектігін анықтайды. Бұл әдіс оқушылардың оқу прогресін бақылауға және қажет болған жағдайда қосымша ресурстар ұсынуға көмектеседі. Екіншіден, виртуалды ассистенттер арқылы оқушыларға өз бетінше тапсырмаларды орындауға көмектесуге болады. Мысалы, ChatGPT немесе басқа да лингвистикалық модельдер сұрақтарға жауап беріп, қиын есептерді шешуге нұсқау беруі мүмкін. Бұл оқушылардың өздігінен жұмыс жасауға, білімдерін тереңдетуге және нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға ықпал етеді. Сонымен қатар, визуализация құралдарын қолдана отырып, математикалық ұғымдарды түсіндіру тәсілдерін жақсартуға мүмкіндік береді. Анимацияларды немесе графиктерді пайдалану арқылы мұғалімдер абстрактілі математикалық концепцияларды нақты, түсінікті түрде көрсетуі мүмкін. Мысалы, геометриялық фигураларды динамикалық түрде көрсету арқылы оқушылар фигуралардың қасиеттерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік алады.

Жасанды интеллект білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруда да пайдалы. Ойын элементтерін интеграциялай отырып, математика сабағын ойын форматында өткізу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болады. Мұнда оқушыларға математикалық есептерді шешуге арналған ойын платформаларын пайдалану ұсынылады. Бұл әдіс білімді меңгеру процесі қызықты әрі тартымды болуына жағдай жасайды. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде жасанды интеллектті қолдану тағы да бір тиімді әдіс болып табылады. Оқушылар топтық жобаларды орындау барысында AI құралдарын қолдана отырып, бірлесе отырып жұмыс істейді. Топ мүшелері арасында тапсырмаларды бөлу, идеяларды генерациялау және зерттеу жүргізу барысында жасанды интеллект білім алушылардың ынтымақтастығын нығайтады. Сондай-ақ, математикалық білім беру процесінде оқу нәтижелерін талдау үшін аналитикалық құралдарды қолдану маңызды. Жасанды интеллект оқу бағдарламасының, тапсырмалардың және тесттердің тиімділігін бағалауға көмектеседі. Нәтижелерді жинақтау және визуализациялау арқылы мұғалімдер сабақтарда келесі қадамдарды нақты жоспарлай алады. Сыныпта жасанды интеллект құралдарын қолдану – мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын процесс. Математика сабағында ИТ-технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім берудің дәстүрлі тәсілдерін толықтырып, оқыту сапасын арттыруға болады. Оқушылардың талдау, синтез жасау, критикалық ойлау сияқты дағдыларын дамыту маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Келесі қадам – мұғалімдердің әдістемелік тәсілдерін жаңарту. Оқыту әдістемелерінің жаңартылуы, яғни сабақ жоспарын әзірлеу, ресурстарды таңдау, оқушыларға кері байланыс беру процесін жаңаша ұйымдастыру, педагогикалық нәтижелікті арттыруда маңызды рөл атқарады. Білім беру ұйымдарында жасанды интеллект құралдарын тиімді іске асыру үшін мұғалімдерге арнайы оқыту бағдарламалары мен семинарлар ұйымдастырылу қажет. Жасанды интеллекттің тиімділігін математика сабағында қолдану – білім беру саласында инновациялық өзгерістер мен педагогикалық әдістемелерді дамытуға ықпал ететін жаңа paradigma. Іс-әрекетке негізделген әдістер, заманауи технологияларды белсенді пайдалану, студенттердің білім сапасын арттыруда қолдау көрсетеді.

Қорытынды. Жасанды интеллектке негізделген оқу әдістері – бұл білім беру саласындағы жаңа парадигма. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ЖИ технологиялары әрбір оқушыға өз қарқынымен оқу мүмкіндігін береді. Бұл әдістер оқушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, сондай-ақ, олардың логикалық ойлау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Жасанды интеллекттің логикалық ойлауға әсері, әсіресе, математикалық есептерді шешу барысында айқын көрінеді. Оқушылар ЖИ көмегімен күрделі есептерді шешу тәсілдерін үйреніп, өз білімдерін тереңдетеді. Жасанды интеллектті пайдаланудың әдістемелері білім беру процесін жаңартуға, оқушылардың білім сапасын арттыруға және оқу әдістерін жетілдіруге бағытталған. Оқытушылар ЖИ технологияларын қолдана отырып, сабақтарды интерактивті және қызықты ете алады, бұл оқушылардың белсенділігін арттырады. Қорыта айтқанда, ЖИ технологиялары оқушылардың білімін бағалау мен мониторингтеуді жеңілдетеді, бұл оқытушыларға оқу процесін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Ахметян А.Ш. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде қолданылуы // Педагогика және психология. – 2020. – Т. 3. – № 1. – С. 10–18.

2. Нурбаев Т.Ж. Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану // Қазіргі білім беру. – 2019. – № 4. – С. 25–30.

3. Сеитова А.Г. Жасанды интеллект және оқыту әдістемесі // Оқыту технологиялары. – 2021. – № 2. – С. 45–51.

4. Даулетов А.Е. Жасанды интеллект пен математика: жаңа мүмкіндіктер // Математика және ғылым. – 2022. – Т. 5. – № 3. – С. 15–20.

5. Әлжанова Р.Б. Білім беру процесінде жасанды интеллекттің рөлі // Инновациялық білім беру ведомствосы. – 2023. – № 1. – С. 33–40.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БИОЛОГИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРІ

Коптенова Нурсулу Мухтаровна
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы
№3 Хромтау орта мектебінің
биология пәнінің мұғалімі

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек, бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады.

8,9 сыныптарда биология пәні ағылшын тілі пәнінің элементтері кіріктіріліп оқытылады. Көптілді оқу ортасын құруда әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі заман талабына сәйкес жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, айта алатын тұлғаны оқытып, тәрбиелеу жаратылыстану пәндер мұғалімдеріне жүктелген міндет болып табылады.

Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты - бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі уақыттағы ғылымның дамуы адамдардың көп тілді білу қажеттігін туындатып отыр. Ең алғаш биология пәнін ағылшын тілінде оқыту тәжірибесі 2018 жылы қолға алынды. Енді биылғы оқу жылынан бастап, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту мәселесі 8,9 кластар бойынша оқыту жоспарға қойылды. Сондықтан 9 сыныптарға CLIL әдісі арқылы биология пәнін ағылшын тілінің элементтері кіріктіріліп оқытылады. 2019 жылы «Астана» баспасынан шыққан «Bioloqy» қостілді оқулық бойынша жүргізіледі. Bioloqy оқулығының ерекшелігі – оның көптілділігінде. Терминдердің аудармалары үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілінде берілген. Сабақты жоспарлаған кезде сабақтың оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да негізге ала отырып, құрылады. Bioloqy оқулығында terminology, key terms тапсырмалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. 8,9 кластар бойынша сабақта тек көбіне терминдер қолданылады. Сабақта жаңа ақпаратты оқушылардың меңгеруі үшін қолданатын әдістерге тоқталсам, алдымен тақырыпты тақырыпшаларға бөліп, оны игергеннен кейін, сөздіктердің көмегімен берілген мәтін аударылады. Мәтін ішіндегі негізгі терминдерді жинақтап, аудармасын анықтайды. Сабақты бекітуде қалдырылған сөздерді орнына қою, мәтінмен жұмыс, термин сөздерді ағылшын тілінде анықтау, суреттен құрылымын табу, кестемен жұмыс тапсырмаларын оқушылар сыныпта орындайды. Топтарға бөлінген тақырыпшалар бойынша түйінді ой жасалады. Мысалы, «Mitosis» тақырыбында митоз фазаларын анықтауда мәтінмен жұмыс берілді. Оқушылар осы мәтіннің аудармасын таба алды. Terminology тапсырмасында оқушылар терминдерді үш тілде жазып, аудармасын тауып, дәптерге жазды. Митоздың фазаларын сипаттауда атауларын аудармасын тауып, қазақша сипаттама берді. Сонымен қатар, сабақта «Bioloqy» қостілді оқулығы бойынша Key terms тапсырмалары арқылы да жұмыстар орындалады. Митоздың фазаларына байланысты зертханалық жұмыс орындалды. Пияз тамыр үшындағы жасушалардан митоз мысалында митоз фазаларын зерттеу мақсатында зертханалық жұмыс жүргізілді. Дайын микропрепараттан митоз фазаларын анықтай алды.

Мысалы, «Neurohumoral regulation» тақырыбында жүйкелік және гуморалды реттелуді салыстыру үшін мәтінмен жұмыс берілді. Оқушылар осы мәтіннің аудармасын таба алды. Terminology тапсырмасында оқушылар терминдерді үш тілде жазып, аудармасын тауып, дәптерге жазды. «Терминдер сөйлейді» тапсырмасында Neuron, neuroglia, synapse, axon, dendrite терминдерінің аудармасын тауып, қазақша сипаттама берді. Сонымен қатар, биологияны ағылшын тілінде оқыту кезінде сыни тұрғыдан ойлау т.б. әдіс-тәсілдерді қарапайымнан күрделіге қарай өз орнымен қолданылады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы

шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулиды. Бір қолайлысы, биологиялық терминдер ағылшын және орыс тілінде де ұқсас келеді.

Кіріктірілген сабақтарды әзірлеу және өткізудің бірнеше кезеңдері бар:

1.Пәндерді оқу кезінде жалпы ұғымдарды түсіндіруде пән бойынша оқу бағдарламаларын қиыстыру. Оқу бағдарламаларын талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну барысында мұғалімдермен оны зерделеу, пысықтау, жинақтау және бақылау кезінде оқушылар білімін кіріктіруді талап ететін материалдар іріктеп алынады.

2.Пән бойынша өзара байланысқан тақырыптардың кіріктірілген мазмұнын қарастыру, пәнаралық байланысы бар сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таңдау.

3. Кіріктірілген сабақтың түрін таңдау. Сабақтың жоспарын құру, бақылау әдістері және оқушылардың оқыту әдістері мен тәсілдерін бағалауды анықтау.

Сабақты жоспарлаған кезінде пән мұғалімі сабақтың оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да тұжырымдай алуы керек. Тілдік мақсаттарды белгілегенде, пән мұғалімі көмек алу үшін тілдік пәндер мұғалімдеріне жүгіне алады. Мұғалімдердің мұндай серіктестігі сыныпта қолайлы білім беру ортасының құрылуына мүмкіндік туғызады. Ең бастысы – сабақты жоспарлау барысында мұғалімдер «барлық мұғалімдер тілді үйретеді» деген жаһандық тұжырымды ұстануы тиіс .

Пәнді-тілдік кіріктірілген сабақта пәнді-тілдік кіріктіре оқытудың түбегейлі амалдарның бірі мәтінмен жұмыс істеу болсада, сабақта сөйлеу іс-әрекеттерінің барлық түрлері болуы керек. Оқу материалын таңдап алғанда оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне жауап беретіндей, стилі жағынан алуан түрлі түпнұсқалық мәтіндерді таңдау қажет.

- мәселені белгілеу: сұрақ-жауап, анықтама-термин;
- қалып қойған жерлерін толтыруға жататын тапсырмалар (көбіне сұрақтары бар парақшалар таратылады);
- нақты ақпаратты іздестіруге бағытталған тапсырмалар;
- сөзді табуды көздейтін ойындар;
- мәтін бойынша сұрақ қойып, әр түрлі сұрақтар сызба түрінде болуы мүмкін;
- бекітілген жұмыстың ауызша талдауы.

4. Мәтіннің пәндік бағдарлануы, яғни ағылшын тіліндегі мәтіндер пәндік және тілдік құзыреттіліктің дамуы пайда болады.

Оқушылар сабақта ағылшын тілінің элементтерін кіріктіріп оқытуда нені үйренді?

- Берілген мәтінді оқып, аударма жасау;
- Суреттерден құрылымдарды атау және табу;
- Терминдерді түсініп оқуы;
- Терминдерді аудара алуы;
- Кестелермен жұмыс жасау;

Биология пәнін ағылшын тілімен үндестіре отырып, меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушынының дүниетанымын қалыптастырып, оны қызықтыру үшін тілді игертудің оңай жолдарын, тәсілдерін табу қажет. Пәнді ағылшын тілінде оқыту үшін мектеп оқушылары ағылшын тілі пәнін де жақсы меңгерулері керек. Барлығы бірдей ағылшын тілін қажетті деңгейде игерді деуге сену қиын. Оқушылардың тілді меңгеруде алдарына қойған мақсаттары маңызды құрал болып табылады. Биология пәнін ағылшын тілінде өткізу үшін өтетін тақырыпты күнделікті қарапайым өмірден алатын тәжірибемен салыстыру керек. Өтетін тақырыпты ықшамдап алып, ағылшын тілінде түсіндіру үшін әрі қарапайым сөздермен берілуі керек. Пән аралық байланыс арқылы оқушылардың ойлау, есте сақтау, қайта жаңғырту, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, әр пәннің мақсатына сай көздеген жеңіс тұғырына жетуге болады.

Биология сабағын ағылшын тілінде кіріктіре оқыту арқылы сабақ барысында қосымша берілетін терминдер сөздігімен оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыруға болады. Егемен еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан – жақты дамыған рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан – жақты, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы Кіріктілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал Астана 2016

2. Коптенова Н.М. «Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде жасалынған биология пәнінен 8 класқа арналған сабақ жоспарларының үлгісі» 2019ж.

3. Мейірманқұлова Т. «Білім берудегі инновациялық технология» 2005ж.

4. «Биология және салауаттылық негізі» журналы №5 2018ж.

5. «Биология анықтамалығы» журналы №1/81/ 2021ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ

Кукенова Нурзинаш Ергеновна
Хромтау қаласы
№3 Хромтау бастауыш
сынып мұғалімі

Балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін бастауыш сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.Осының негізінде оқытуды төменгі сыныпқа көшіру тиімділігі практика жүзінде дәлелденген. Себебі кез келген мектеп жасына дейінгі баланың танып-білуге, оқуға қатысты қызығушылығының өте жоғары болатыны белгілі. Ал психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен.

Бастауыш мектепте оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту елесі мақсаттарға жетуге бағытталған:

- ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру;
- интеллектуалды тұлғалық және эмоциялық - жігерлік сапаларын, қабылдау түрлерін және есте сақтауын дамыту;
- оқушыны азаматтыққа және дүниетанығыштыққа тәрбиелеу.

Сондай-ақ негізгі білім бағдарламасы мазмұнының міндетті минимумы «Логика және алгоритм бағыты» және де «Компьютер және ақпараттық технологиялар бағыты» деген мазмұндық бағытта берілген. Осы минимумға орай қазіргі кездегі информатика пәнін оқытудың әдістерінің күн сайын жаңарып отыруына қарамастан бастауыш сыныптарда информатика курсын оқытудың мақсатын төмендегідей түрде сараптауға болады:

- компьютерлік сауат ашудың бастау негізі;
- ойды логикалық түрде дамыту;
- алгоритмдік білімді жетілдіру мен мақсатты шешудегі жүйелілік;
- компьютерді үйренудің оңай жолдарын іздеу.

Жоғары сыныпта информатиканы оқыту жеке бағдарламамен жүзеге асуда. Ал бастауышта бұл жеке пән ретінде ғана емес, басқа негізгі пәндерді қолдаушы пән ретінде жүргені тиімді. Өйткені, компьютерді үйрену кезіндегі мәтін теру, қате түзету, сурет салу, есептің немесе әрекеттің алгоритмін құру сияқты практикалық жұмыстар мен тапсырмалар қазақ тілі, орыс тілі, бейнелеу және математика пәндерімен сабақтасады.

1) ақпаратты игеруде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудағы пәннің мақсаты мен міндетін, қажеттілігін түсіндіру керек. Мысалы: Сендер ақпарат әлеміне саяхатқа аттанатын боласыңдар. Бұл саяхат мектептегі оқудың барлық кезеңдерінде жүріп жатады. Сол сияқты мектепті бітіргеннен кейін де жалғасатын болады. Бұл тамаша әлем өте кең, сондықтан онда адасып кетуің де мүмкін. Сондықтан, мұндай қауіптен құтылу үшін осы әлемдегі саяхатқа қажетті тәртіп ережелерін үйреніп алуың қажет.

2) Ақпараттық мәдениет негіздерін игеру

Енді бізді қоршаған тамаша әлемге қарап, жан-жағымызға зер салайық. Айналамыздағы түрлі заттарға назар аударайық: гүлдер жайқалады, құстар сайрайды, күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр, ыстық жаз өтіп, күз келеді де, ол қарлы қысқа ұласады. Біз ақпаратты гүлдің иісін сезу, сіркіреп жауған жаңбыр тамшысының тырсылын есту, күннің шыққанын көру сияқты әрекеттер арқылы аламыз. Оны кітап оқу, теледидар көру арқылы алу мүмкіндігіміз бар. Ал теледидардан көрген ертегіңді досыңа айтып беретін болсаң, онда сен досыңа ақпарат бересің. Ертегіні бейнемагнитофонға жазу арқылы бұл ақпаратты сақтай аласың. Ақпараттық қоғам жағдайында сендер оны ғаламтор арқылы алуларыңа және электрондық пошта арқылы алыстағы туыстарыңа хат жазуларыңа болады. Сондықтан осы айтылғандардың барлығын біз біртіндеп үйренуіміз керек. Ақпараттық қоғам жағдайында кез келген адам ақпарат көздерімен жұмыс жасай білуді, оны сақтауды, өңдеуді және дұрыс қолдана білу сияқты әрекеттерді үйрену арқылы ақпараттық мәдениетін қалыптастыра алады. Ақпарат – бұл қоршаған орта туралы мәлімет болса, ал ақпараттық мәдениет – бұл ақпарат көздерін (анықтамалармен, сөздіктермен, энциклопедиямен, ұшақ кестелерімен және теледидар бағдарламаларымен) қолдана білуді үйрену. Ақпараттық мәдениет - бұл дұрыс сөйлей білу, теледидарды орынды көре білу, компьютермен жұмыс тәртібін игеру және достарыңмен жақсы қарым-қатынаста болу сияқты әрекеттерді қамтиды.

Тапсырмалар:

1.Компьютердің қайда қолданылатынын әңгімелеп бер. Суреттерді боя.
2.Компьютермен не істеуге болады?
а) сурет салу
ә) ойнау
б) есептеу
в) ақпаратты сақтау және тарату.
3.Оқушылармен талқылай отырып, суреттерді боя.
3-4. «Сатылар» және «Батырмалар» сияқты жаттығу ойындары оқушылардың компьютерде жұмыс жасау жылдамдығын дамытуға арналған. Ойын тәртібі бойынша батырманы қанша рет басу ұсынылса, саусақты сонша рет басу керек. Жаттығу, ең алдымен, бір қолмен орындалса, содан кейін екі қолмен бірге орындалады. «Сатылар» және «Батырмалар» жаттығу ойындарын әрбір сабақтың соңында қайталап ойнауға болады.
«Батырмалар» ойыны. Батырмаларды алдымен, бір қолмен, содан кейін екінші қолмен, соңынан екі қолмен бірдей бас. Батырмаларда қандай сан жазылса, саусақтарыңмен сонша рет бас.
«Сатылар» ойыны. Саусақтарыңды перне сатыларымен жоғары және төмен жүргіз. Батырмаларда қандай сан көрсетілсе, оны саусақтарыңмен сонша рет бас.

Пән барысында техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау
Сабақ басталмас бұрын мұғалім компьютерлік сыныпта жұмыс істеу тәртібі мен техника қауіпсіздігі ережелерін оқушылардың есіне салып, көздің шаршағандығын басу жаттығуларын қайталауды ұсынады. Оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеру деңгейі мен оны қорытындылауы мына тәртіппен жүргізіледі.
Ақпаратты қабылдау психологиясы
- Адам қоршаған ортадағы барлық ақпаратты сезім мүшелері көмегімен қабылдайды, мысалы, көру және есту.
- Егер біз ақпаратты көру арқылы қабылдасақ, онда ол – көру ақпараты.
- Егер біз ақпаратты есту арқылы қабылдасақ, онда ол – дыбыстық ақпарат.
Адам қоршаған ортадағы барлық ақпаратты сезім мүшелері көмегімен қабылдайды: көру, есту, иіс сезімдері, сезіну, дәм арқылы.
Балалар, біз теңіздің жағалауында тұрғанымызды көз алдымызға елестетейік. Не естідіңдер? Егер ауа райы ашық, күн шығып тұрса, онда толқындар жай тербеледі. Ал егер аспанды кішкене бұлттар қаптап, қатты жел тұрса, онда теңізде толқындар қатты тербеледі және теңіз жағасында толқынның дыбыстары естіледі. Бұл екі жағдайда да біз көру және дыбыстық ақпараттарды алдық.
Ал егер біз гүл отырғызатын ыдысқа гүлдің тұқымдарын сеуіп отырғызсақ, оны бірнеше күн су құйып күтетін болсақ, онда не байқауға болады? Бірнеше күн өткеннен кейін дәндердің қалай бүршік атқанын байқайсыңдар, яғни бұл жағдайда көру ақпараты арқылы ақпараттарды аламыз. Ал көктем айында құстардың көңілді сайрауынан және сіркіреген жауын тамшыларынан көктемнің келе жатқанын байқаймыз. Бұлардан көктемнің жақындағаны туралы дыбыстық ақпарат аламыз.
Тапсырма 1:
1.Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрді. Қандай ақпарат аласың?
2.Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?
3.Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?
4.Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?
5.Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?
6.Дыбыстық және көру ақпараттарына өздерің мысалдар келтіріңдер.
Тапсырма 2:
1. Қай жануарға қандай үн сәйкес келеді? Аңдарды шығаратын дауыстарына қарап, бір-бірімен жалға және ол суреттерді боя.
2. Суретте жасырынған бейнелерді тап. Олар қандай үн шығарады? Бейнелердің кескінін ажыратып, айналдыра сыз. Суретте мысық, ит, қаз жасырынып қалған.
3. Сурет бойынша ауызша әңгіме құрастыр. Боя. Әңгімені құрастыру барысында олардың қандай дыбыстар шығаратын және қандай түспен боялатынын да ескер.
Оқушыларға ақпарат және оның түрлері материалдарын қайталату ұсынылады. Жаңа тақырыпты меңгерту мен оны сынып оқушыларымен бірге қорытындылау мына түрде өткізіледі:

Әдебиеттер

1.Оқу¬шы¬лардың функционалдық са¬уат¬¬тылығын дамыту жөніндегі
2012-2016 жылдарға арналған ұлт¬тық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2.Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

РУХАНИ БАЙЛЫҚ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Кулумгарина Рахия Жарасхановна
Ақтөбе облысы , Хромтау қаласы
№3Хромтау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әдебиет – ұлттық мәдениеттің басты құрамдас бөлігі. Әдеби шығармаларда халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы көрініс табады. Мысалы, жыр-дастандар мен шешендік сөздер халықтың шешендік өнері мен сөзге деген құрметін бейнелесе, романдар мен әңгімелер тарихи оқиғалар мен ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Қазіргі кезде әдебиет халықтың мәдениеті мен тіліне қатысты мәселелерді көтеріп, жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтауға үлес қосып келеді. Жазушылар мен ақындардың шығармалары жастарды өз мәдениетін құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баулиды.

Қазақ әдебиеті – халқымыздың сан ғасырлық тарихын, мәдениеті мен дүниетанымын бейнелейтін рухани мұра. Әдебиет арқылы ұлт өзінің өткенін танып, болашағына бағдар жасайды. Ол – халықтың рухани болмысының айнасы, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын маңызды қазына.

Қазақ әдебиеті өз бастауын ауыз әдебиетінен алады. Бабаларымыздың ауыздан-ауызға тараған эпостық жырлары, ертегілері, шешендік сөздері мен мақал-мәтелдері ұлттың рухани мұрасын сақтап қалды. “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Қыз Жібек” секілді жырлар халқымыздың ерлікке, махаббат пен әділдікке деген көзқарасын көрсетті. Кейінгі дәуірлерде қазақ жазба әдебиеті қалыптасып, көркем ойдың жаңа кезеңіне аяқ басты. Абай Құнанбайұлының терең философиялық өлеңдері мен қара сөздері, Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясы, Мағжан Жұмабаевтың нәзік лирикасы – қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындылары. Бұл шығармалар ұлтымыздың рухани дүниесін байытып қана қоймай, әлемдік әдебиет қазынасына қосылған асыл мұралар болып табылады.

Қазақ әдебиеті тек тарихи дереккөз ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан-дүниесін байытатын рухани тәрбие құралы. Әдеби шығармалар арқылы ұрпақ адалдық, ерлік, сүйіспеншілік, әділдік сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді. Мысалы, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде адамгершілік, білімге ұмтылу, елге қызмет ету туралы құнды ойлар айтылған. Бұл идеялар бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Сол сияқты Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы мен Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары халықтың болмысын, ұлттық рухын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті – халқымыздың өткенін бейнелейтін, болашағына жол көрсететін рухани байлықтың қайнар көзі. Әдебиет арқылы біз ұлттық болмысымызды сақтап, өзімізді әлемдік аренада таныта аламыз. Сол себепті қазақ әдебиетін оқып, оны насихаттау – әрбір азаматтың міндеті.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

PBL ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КЕШЕНДІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Кульбаракова Эльмира Сериковна
Ақтөбе қаласы №1 орта мектебінің
биология пәнінің мұғалімі

Білім беру – оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз процесі. Оқу-тәрбие процесіндегі өзекті проблемалардың бірі – оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулерінің жеткіліксіздігі. Бұл проблемаларды шешу үшін, мұғалім білім үрдісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, өз іс-әрекетінде оны енгізу қажет [1]. Проблемалық оқытудың өзектілігі – оның оқушылардың өзіндік зерттеуіне, ақыл-ой операцияларын орындап, ойлануына, пікір алмасуына және шығармашылық идеяларын еркін білдіруіне мүмкіндік беруінде. Бұл әдіс оқушылардың зерттеу, салыстыру, талдау, бағалау дағдыларын дамытып, өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау процестеріне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бірлескен оқу ортасы арқылы оқушылар басқалардың пікірін құрметтеуді, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруды және жағымды эмоционалды интеллектті дамытуды үйренеді. Мұғалімнің бақылаушы және фасилитатор ретіндегі рөлі оқушылар үшін қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді, бұл олардың топтық әрекетке тең дәрежеде қатысуына мүмкіндік береді. Проблемалық оқыту барысында қателіктерге жол беріліп, тиімді және негізделген шешімдер іздеуге басымдық беріледі, ал оқушылар оқу мен мәселе шешуде көшбасшылық қасиеттерін дамыта отырып, табысқа жету жолында өзіндік даму бағытын қалыптастырады. Бұл әдіс өз кезегінде алдынғы қатарлы Сингапур, Америка, Жапония сияқты дамыған елдерде кеңінен қолданылады. Проблемаға бағдарланған оқыту (PBL – Problem-Based Learning) – педагогикалық стратегия, оны мектепте қолдану дәлелді әлемдік ақпараттық ресурстарды барынша пайдалана отырып, нақты өмірлік жағдаяттарға негізделген қажетті материалды белсенді меңгеру арқылы оқушылардың нақты мәселені толық меңгеруіне көмектеседі. Проблемалық оқыту теорияны терең түсінуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар практикалық дағдыларды, дивергентті ойлауды, жоғары дәрежелі дағдыларды және қажетті кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға ықпал етеді [2]. PBL процесі оқушыларға дайын шешімдерді ұсынбайды, бірақ топтық өзара әрекетті, белсенді ынтымақтастықты және танымдық қарым-қатынасты пайдалана отырып, білімді өз бетінше меңгеру арқылы қажетті біліктіліктер мен дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс шығармашылық және жобалау жұмыстарын жасау кезінде практикалық тұрғыдан таңдауды ескере отырып, қажетті ақпаратты табуға, зерттеуге және пайдалануға көмектеседі. Мектепте PBL (Problem-Based Learning) әдістемесін сабақта/сессияда немесе бірқатар сабақтар/сессияларда қолдану процесі бірнеше кезеңнен тұрады:



Проблемалық оқыту белгілі бір мәселенің шешімін табуға назар аудару арқылы білім беру әдісі. Осы мәселелерді анализдеу және жаңа білімді шыңдау. Оқушыға жаңа білім беруден бұрын меңгеру үшін, оқушы алдымен мәселені анализден өткізіп, сұрақтар қойып, жауапты зерттеп, болжамдар жасап, шын өмірде қолдануға жарамды мәселенің шешімін табуы күтіледі.[3] Оқушылар күнделікті дайын білім алудың орнына білімді қалай алуға болатындығын үйренуден бастайды, содан кейін проблеманың шын өмірде қолдануға жарамды шешімін табуға тиіс және бұл оқушылардың алға жылжуға деген ұмтылысын тудырады. Оқушылар алған білімімен тығыз байланыста болады және болашақта ғылымды меңгеруге терең көзқараспен қарау үшін қолдануға мүмкіндік туады. Проблемалық оқытуды білім беру үдерісіне енгізу үшін пәнді оқытатын мұғалімнің үлкен жауапкершілігі мен оқушыларды оқытуда шығармашылық көзқарасы, ізденісі қажет, сонымен қатар пәнді оқытуда, оны пәндік бағдарламаға

негіздеп, проблемалық жағдаяттарды, тапсырмаларды құрастыру немесе дайын тапсырмаларды іздестіру, сонымен қатар кешенді білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкес жағдаяттардың жинақ банкісін құру қажеттілігі бар. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, яғни күнделікті өмірмен, теорияны нақты өмірде пайдалы болатын практикамен ұштастырылуы қарастырылғаны жөн. Проблемалық оқыту жағдаяттарды, процестерді салыстыру, талдау, сондай-ақ синтез, бағалау сияқты жоғары деңгейдегі білім дағдыларына оқушыларды үйретеді және оны дамытады, оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетіне түрткі жасайды, білім беру процесі субъектілерінің сыни және шығармашылық ойлауын дамытады [4]. Проблемалық оқыту процесінің негізгі сатылары бірнеше кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысы оқушылардың оқу белсенділігін арттыруға және маңызды дағдыларды дамытуға бағытталған. Бірінші кезеңде мұғалім оқушыларды топтарға бөліп, топтық жұмыстың негізгі қағидаларын анықтайды, ал оқушылар өзара рөлдерін бөліседі. Екінші кезеңде проблема анықталып, оқушылар оны түсініп, талдай отырып, шешім іздеуге қажетті сұрақтарды тұжырымдайды. Үшінші кезеңде оқушылар идеяларды талқылап, миға шабуыл әдісі арқылы мәселенің шешу жолдарын ұсынады, бұл олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Төртінші кезеңде проблемалық оқу жүзеге асады, яғни оқушылар өз идеяларын кестелік форматта жүйелеп, білетін және білмейтін ақпараттарын нақтылап, әрі қарай зерттеуге дайындалады.Бесінші кезеңде оқушылар өз бетінше қажетті ақпаратты іздеп, алынған деректерді талдайды және мұғалім олардың сенімді ақпарат көздерін пайдалануын бақылайды. Алтыншы кезеңде талдау мен қолдану жүзеге асады: оқушылар жаңа білімді алдыңғы біліммен байланыстырып, нақты шешімдер мен олардың қолданылу мүмкіндіктерін зерттейді. Соңғы, жетінші кезеңде кері байланыс пен баға беру жүргізіледі, мұнда оқушылар өз жетістіктерін бағалап, рефлексия жасап, FILA кестесін толтырады(1-кесте).

Жоғарыда сипатталған кезеңдер проблемалық оқытумен байланысты кезеңдерді жүзеге асыру туралы тереңірек түсінік береді. Сабақта немесе PBL қолданатын кез келген пән бойынша оқу міндеттерін қою жаңа білім мен дағдыларды меңгерудің бастапқы нүктесі болып табылады және оқушылар мәселенің мүмкін болатын шешімдерін елестету жауапкершілігін алады. [5] Проблемалық оқыту әдісін қолданудың маңызды ерекшеліктері – оқушылардың жауапкершілікті өз мойнына алып, өзіндік оқып-үйренудің жоспарын құра білуінде, жаңа білімді игеру дағдыларын қалыптастыруында және рефлексиялық ойлауға белсенді қатысуында. Бұл әдіс оқушылардың мәселені шешуге бірлесіп араласуын қамтамасыз етеді, ал оқытушы олардың түсінігін дұрыс бағыттап, нәтижеге жету жолында қолдау көрсетеді, осылайша оқушылардың өзіндік оқып-үйрену процесі жүзеге асады.[6] Қорыта келгенде, проблемаға бағдарланған оқыту (PBL) – оқушылардың кешенді дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістеме болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі – білім беру процесінің белсенді, интерактивті және тәжірибеге негізделген сипатта ұйымдастырылуында. PBL оқушыларды тек білім алушы емес, шынайы өмір мәселелерін шешуге дайын тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл технология оқыту процесін оқушы үшін өзекті, қызықты және өмірге жақын етеді. PBL оқушыларға білімді жай меңгеріп қана қоймай, оны өмірде қолдану жолдарын үйретеді, сонымен бірге олардың кәсіби және тұлғалық дамуына негіз болады. Болашақта білім беру саласында PBL технологиясын қолдану оқу бағдарламаларын жаңғыртуға, оқыту сапасын жақсартуға және оқушыларды жаңа заман талаптарына сай даярлауға мүмкіндік береді. Осылайша, PBL оқыту процесінің тиімділігін арттырудың заманауи тәсілі ретінде маңызды рөл атқарады.

1-кесте. «FILA» кестесі төмендегі көрсетілген компоненттерден тұрады.

Деректер	Идеялар	Проблемалық оқу Learning Issues L	Іс-әрекет жоспары Action Plan A
Мәселеден алынған мағлұматтар. Тақырыпқа сәйкес топтау	Болуы ықтимал: Себеп Болжам Деректер Шешімдер Мысалға сәйкес ойлар жинақталады. Талдаусыз қабылданады.	Сұрақ түрінде болуы мүмкін. Сұрақтар мәселені шешуде көмек етуі керек.	«Дерек» бағанасындағы түсіндіруді қажет ететін ақпараттан туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Проблемалық оқыту әдістері. Биология. 9-сынып: әдістемелік құрал /Р.Г. Сыздыкбаева, Н.К. Башенова, Б.А. Байсерикова, С.Е. Шажанбаева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2023. – 56 б.

2. Проблемно-ориентированное обучение (PBL) в школе: сборник [Мектептегі проблемаға бағдарланған оқыту (PBL): жинақ]/ Авторы-составители: С.К. Сембаева, Г.Ж. Естепбергенова, С.В. Попкова, А.К. Халитова, Г.А. Арыстанова, М.О. Утепова, А.К. Омарханова, Б.Ш. Байбиисова, А.А. Ажмадина, Э.А. Торгаева, Г.С. Бесенбаева, А.М. Спан, Ж.К. Кабаржан, Ж.Е. Кабдигалиева, А.Б. Болаткызы, З.Ж. Жуманбаева, М.К. Мергенбаева, Ж.С. Байбосынова, А.Н. Искакова, Г.Х. Куликенова, А.Т. Таубалдиева, А. Мураткалиулы, А.Х. Алимов. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2023. – 208 с.

3. Бардин, Л. В. (2019). Проблемалық оқытудың теориясы мен практикасы: Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. Алматы: Мектеп баспасы.

4. Беспалько, В. П. (2008). Проблемное обучение: Методология и практика. Москва: Педагогика.

5. Пиаже, Ж. (2003). Речь и мышление ребёнка. Санкт-Петербург: Питер.

6. Коллинз, Б., & Халворсон, К. (2018). Навыки XXI века: как подготовить детей к будущему. Москва: Манн, Иванов и Фербер.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Қантөре Алтынай Темірханқызы
Бопай ханым жоғары медициналық колледжі
Ағылшын тілі пәні оқытушысы
kantore1705@mail.ru

Аннотация: Осы мақалада кәсіптік білім беру колледжінде ағылшын тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен стильдерін және білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін оқыту әдістерін ашуға тырыстым. Қазіргі таңда шет тілдерін үйрену мамандарды кәсіби даярлау және олардың тілдік дайындығының кәсіби өсу мәселелерін сәтті шешу және шетелдік серіктестермен байланыстарды кеңейту қоғамның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.
Кілт сөздер: әдіс, шет тілін оқыту, студент, дағды, сөйлеу.

Шет тілін оқытудың мақсаты мәдениетаралық коммуникацияға қатысуға қабілетті және дайын тұлғаны қалыптастыруды көздейтін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру екені белгілі. Қарым-қатынас тілі мен мәдениетін зерделеу практикалық, жалпы білім беру және дамыту мақсаттарына тиімді қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар білім алушыларды ынталандыру және одан әрі қолдау үшін маңызды мүмкіндіктерді де қамтиды

Оң мотивацияны қалыптастыруды мұғалім арнайы міндет ретінде қарастыруы керек. Әдетте, мотивтер студенттің танымдық қызығушылықтарымен, жаңа білімді, дағдыларды, дағдыларды игеру қажеттілігімен байланысты, бірақ шет тілін үйренушілердің бірінші және табиғи қажеттілігі – қарым-қатынас.

Студентті коммуникацияға бағыттайтын қолайлы климатты ұйымдастыру үшін студенттің шет тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру процесінде белсенділігін ынталандыратын сабақтың түрлерін таңдау қажет. Жаңашыл педагогтардың жалпыланған тәжірибесі Щукина а. Н, Пассова е.И, Галскова Н. Д. сабақтарды өткізудің дәстүрлі емес формалары студенттің пәнге деген қызығушылығын қолдайды және коммуникативті құзыреттілік деңгейін арттырады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ана, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін білу адамның ой-өрісін кеңейтеді, оның толеранттылыққа және әлемге көлемді көзқарасына ықпал етеді.

Орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында ағылшын тілін оқыту оқу процесіне белгілі бір ерекшелік енгізеді. Білім алушылар тілді не үшін үйренуіміз керек, бұл қандай да бір мамандыққа немесе мамандыққа байланысты деген сұрақты жиі қояды. Бұл сұрақтың жауабы көбінесе сөздермен шектеледі, ағылшын тілі стандартта қарастырылған. Алайда, бұл тақырып көбінесе оны тікелей білу үшін емес, жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау және қажетті ақпаратты табу қабілетін қалыптастыру үшін зерттелетіні жасырын емес. Басқаша айтқанда, біз “шет тілі” пәнінде жалпы құзыреттілікті қалыптастыру туралы айтып отырмыз. Өйткені, біз біртұтас жаһандық өзара байланысты және өзара тәуелді әлемде өмір сүріп жатырмыз, ұлттық шекаралар бұлыңғыр болған кезде, халық, капитал, тауарлар ағындары әртүрлі бағыттарда еркін қозғалған кезде. Бір немесе басқа адам қай елде жұмыс істейтіні немесе оның серіктестері қай елден келетіні белгісіз болған кезде. Сондықтан шет тілін білу қазіргі адамның, болашақ маманның маңызды, негізгі құзыреттіліктерінің біріне айналады. Оның қаншалықты қарым-қатынас жасай алатындығы, өзін, эмоцияларын, сезімдерін, көзқарасын білдіруі оның қаншалықты табысты болатынына, бизнесінің қаншалықты сәтті болатынына, басқа адамдармен қарым-қатынасына байланысты болады.

Бағдарламада практикалық сабақтардың болуы білім алушының шет тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым – қатынасты жүзеге асыру үшін сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін – сөйлеу және оқуды меңгеруін көздейді. Бұл ретте жазу тілдік материалды жақсырақ меңгеруге және ауызша сөйлеу мен оқу саласында Дағдылар мен дағдыларды дамытуға ықпал ететін оқытудың маңызды құралы болып қала береді. Студенттер белсенді лексикаға енетін жаңа сөздерді үйренеді және, әрине, олардың графикалық бейнесін студенттер игеруі керек. Жазбаша сөйлеу саласында білім алушылар өз ойларын жазбаша түрде жеткізе алады. Жазу-бұл фиксатор, өйткені жазу барысында тілдік материал игеріледі. Сондықтан хат білім алушының өзіндік жұмысын орындау үшін қолданылады (сөйлемдерді оң, теріс немесе сұрақ түрінде жасау, диалогтар құру, адамдарды, заттарды, ғимараттарды сипаттау және т.б.).

Ағылшын тілі адам қызметінің әртүрлі бағыттарында сұранысқа ие бола бастады. Бұл әлемдегі ең танымал тілдердің бірі. Көптеген елдерде ол екінші мемлекеттік тіл ретінде қабылданады. Халықаралық сауда, саясат, интернет, туризм тілі. Бұл пайдалы тілді барлық жағынан үйрену үшін тек тілек жеткіліксіз, бірақ жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ағылшын тілін үйренудің белгілі бір әдісі қажет.

Сонымен білім берудің жоғары сатысында оқыту тәжірибесінде оқытудың төрт негізгі әдісі қолданылуы мүмкін:

* түсіндірме-иллюстрациялық;
* репродуктивті;
* проблемалық;
* зерттеу.

Оқытудың репродуктивті әдісі оқытушының студентке хабарлаған білімін игеруді және Оқушының оқыған материалды көбейту және оны ұқсас жағдайларда қолдану жөніндегі қызметін ұйымдастыруды көздейді. Проблемалық әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға барынша ықпал етуді қамтиды. Оқу процесінде алынған білім негізінде әр түрлі тапсырмалар кластарын шешу, сондай-ақ мәселені шешу үшін қажетті бірқатар қосымша білімді алу және талдау қарастырылады. Бұл ретте ақпаратты жинау, ретке келтіру, талдау және беру бойынша дағдыларды игеруге маңызды орын беріледі.

Оқытудың зерттеу әдісі белгілі бір тақырып шеңберінде ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу процесінде білім алушылардың өзіндік шығармашылық қызметін қамтамасыз етеді. Бұл әдісті қолданған кезде оқыту белсенді зерттеудің, ашудың және ойынның нәтижесі болып табылады, нәтижесінде жоғарыда аталған басқа әдістерге қарағанда жағымды және сәтті болады. Оқытудың зерттеу әдісі объектілерге әсер ету процесінде әдістер мен жағдайларды зерттеуді қамтиды. Табысқа жету үшін әсерге жауап беретін ортаның болуы қажет. Осыған байланысты таптырмас құрал-модельдеу, яғни динамикадағы нақты объектіні, жағдайды немесе ортаны Имитациялық бейнелеу.

Қазіргі уақытта ағылшын тілін үйренудің маңыздылығы бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі әлемде шет тілін білместен бірде-бір адам жасай алмайды. Мен шет тілдерін оқытуды болашақ студент мамандығымен байланыстыруға тырысамын. Сондықтан оқытудың кәсіби бағыты менің жетекші әдістемелік қағидатым болып табылады, оны оқу-тәрбие процесінде ескеру және іске асыру қажет. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін шет тілін білу қажет. Ағылшын тілін меңгерген колледж түлегіне жұмысқа орналасудың үлкен перспективалары ашылады.

Көпмәдениетті білім берудің мазмұны көп қырлы және пәнаралық жоғары дәрежеде ерекшеленеді, бұл гуманитарлық, жаратылыстану, көркемдік-эстетикалық циклдар мен арнайы курстардың оқу пәндері құрамындағы көпмәдениетті білім беру мәселелерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Колледж студенттерінің шет тілін оқытудың психологиялық компонентін есепке алу сабақта қолайлы психологиялық атмосфераны орнатуға ықпал етеді; жағымды эмоционалды және шығармашылық жағдай шеңберінде одан әрі қарым-қатынасты дамыту, сондай-ақ кәсіби қызмет саласында шет тілін одан әрі оқуға деген ынтаны арттыру, бұл әсіресе қазіргі жағдайда маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.В. А. Мижериков педагогика бойынша сөздік-анықтамалық. – М.: сауда орталығы, 2004.

2. Р. П. Милруд. Айдардағы мақала: кәсіптік білім беру жүйесіндегі іа, 2013.

3.Ф. М. Рожкова "Орта кәсіптік-техникалық училищедегі Шет тілі сабағының кәсіби бағыты", ПА, №3, 1989.

5. Чиронова, И. И. Ч64 Заңгерлерге арналған ағылшын тілі: бакалаврларға арналған оқулық / жалпы. ред. Юрайт баспасы, 2012 ж

6.Голубев А. П.. Студенттерге арналған ағылшын тілі [Электрондық ресурс]: оқу құралы

7.Агабекян И. П. Студенттерге арналған ағылшын тілі

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

АСПЕКТЫ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ. НЕСПЛОШНЫЕ ТЕКСТЫ. ВЫСТУПЛЕНИЕ: НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКАЯ ПЛОЩАДКА ПАРАД ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ПРАКТИК И ДОСТИЖЕНИЙ

Лукьяненко Надежда Ивановна
Актюбинская область
Мартукский район
Родниковская общеобразовательная средняя школа
учитель русского языка и литературы
педагог- исследователь

Актуальность: статья посвящена одной из актуальных проблем в общеобразовательной школе – развитию умения работать с несплошными текстами. Автор представляет результаты исследования практики на уроках русского языка и литературы. Описывает варианты работы с несплошными текстами на разных этапах обучения и на различных этапах урока, приводит примеры работ учащихся. В статье предложены некоторые виды несплошных текстов, которые могут использоваться в виде образцов.

В связи с переходом на новую программу обучения в школах Казахстана, у многих учителей возникают проблемы при обучении сбору, анализу, переработке и представлению информации на уроках. Большую роль в обучении сбора и анализу информации в учебном процессе может сыграть работа с несплошными текстами как средством эффективной коммуникации. [1,с.2] Если проанализировать систему навыков, которые должны продемонстрировать учащиеся ,то можно выделить те , которые необходимо развивать именно при работе с несплошными текстами.(2 с.29) Таблица 1 Сравнительная таблица требований чтения текста и навыков при работе с несплошным текстом


Цель и задачи: Основная задача при составлении и применении несплошного текста представить информацию по определенной теме. Данная тема исследовалась мною в течении нескольких лет, что позволило выявить некоторые особенности при изучении работы с несплошными текстами. Для обучения описанным навыкам можно применять различные формы и методы. Учащимся предлагается представить все элементы композиции в графике. Это задание можно использовать на уроках литературы.

При выполнении этой работы учащимся необходимо изучить текст, выделить и сформулировать главные идеи определить и обозначить структурные элементы (вступление, завязка, развитие событий, кульминация, развязка ,заключение) ,расположить элементы по степени развития сюжета в соответствии с графиком. Данная работа может быть одним из видов формативного оценивания по обучающей цели, на понимание основных идей и структурных компонентов текста. Учащиеся с удовольствием выполняют этот вид работы.

Требования	Навыки при составлении несплошного текста
Формулировать основную мысль	Формулировать (при помощи отбора языковых единиц, символов, знаков) основную мысль с учетом того, чтобы она была понятна для учителя
Определять основные составляющие графика, таблица, и других текстов (структура)	Определять основные составляющие графика, таблица, и других текстов (структура): количество частей, строк, граф
Определять назначение графика, карты или рисунка	Учитывает назначение графика, карты или рисунка (для какой целевой аудитории создается, с какой целью)
Устанавливать соответствие между частями текста	Устанавливать структурные, логические, смысловые соответствия между частями текста
Оценивать не только содержание , но и форму	Оценивать не только содержание , но и форму Создаваемого текста (для привлечения внимания читателем основной мысли)



Следующий этап предлагается самостоятельно выбрать форму представления информации. Например, при прослушивании текста учащиеся могут составить несплошной текст отражающий основное содержание. После анализа работ учащихся я пришла к выводу, что самой удачной формой для передачи основной информации прослушанного является построение графика и составление ментальной карты.



Кроссенс
Шаг 1.Читаем произведение. Определяем тему и идею.
Шаг 2.Делим текст на 8 значимых частей (микротемы)
Шаг 3Подбираем рисунки, можно символы , ассоциации к каждой части
Шаг 4.Заполняем таблицу в соответствии с текстом. В центре помещаем слово, словосочетание, название, обложку произведения, либо знак вопроса. Далее размещаем картинки, ассоциации в нужном порядке. Читать кроссенс нужно сверху вниз и слева направо, далее двигаться только вперед и заканчиваться на центральном квадрате
Задание: Рассмотрите внимательно иллюстрации. Угадайте, какое стихотворение С.Я.Маршака зашифровано в кроссенсе.
1.Составить план
2.Проанализируйте все, что хотите сказать.
3.Начните процесс с визуализации.

1 

2 

3 

4 

5 

6 

7 

8 

9 

ПРАКТИЧЕСКАЯ РАБОТА
Задание: Билет в дельфинарий .



Желаем вам приятного просмотра!

Дельфинарий

Заказ № 278, тираж 1000, 04.2014

М. ВДНХ, проспект Мира, стр. 119, ВВЦ, стр. 461
Представление в дельфинарии
Трибуна, ряд 9, место 19
Дата: 20 мая 2014 г. Время: 16:00
Цена: 400 руб.

Жауабы: Дәудің пәтері жоғарыдан санағанда екінші, сондықтан бұл сегізінші қабат.

3. Спортшылар жолмен жүгіріп келе жатыр. Бір спортшы алдынан санағанда да, артынан санағанда төртінші жүгіріп келеді. Жолмен неше спортшы жүгіріп келе жатыр?



4. Аспазшы шұжықты төрт рет бөлгенде, неше бөлік шықты?.



Жауабы: 5 бөлік. Жолақ сал да, оны 4 рет сыз да, бөліктерді сана.

5. Жәшік ішінде 3 қызыл және 3 көк шар жатты. Бірінші жәшіктен бір қызыл шарды алып, үстел үстіне қойды, сосын көк шарды алды, сосын тағы да қызыл шарды алып қойды. Сосын жәшіктен бірден екі шарды алғылары келді. Бұл шарлар қандай болулары мүмкін: а) екеуі де көк? б) екеуі де қызыл? в) қызыл мен көк?

Жауабы: Алдыңғы үш шарды алған кезде, қорап ішінде екі көк және бір қызыл шар қалды. Сондықтан қораптан 2 қызыл шарды алып шыға алмаймыз.Екі көк не бір қызыл және бір көк шар алып шыға аламыз.



6. Робот сынып қалды, енді ол тек алдыға ғана жүреді және бір қадам алға басса, екі қадам артқа жүреді. Алға және артқа жүрген қадамдарының өлшемі бірдей.10 қадам жасаса ол бастапқы жерінен қай бағытта неше қадамға жылжиды?

Жауабы: 2 қадам артқа. Бірінші 3 қадамнан кейін 1 қадам артқа, келесі 3 қадамнан кейін 1 қадам артқа, келесі 3 қадамнан кейін тағы да 1 қадам артқа шегінеді. Сонда 9 қадам жасағанда 3 қадам артқа шегінеді, соңғы 10-қадамды алға жүреді.



7. Шынжырлы алтыбақанда балалар шеңбер жасап және бір-бірінің артындағы 6 орындықта отырып айналады. Болат Тамашаның алдында отыр және арасында бір орын бар немесе Тамаша Болаттың алдында отыр деп те айтуға болады. Бұл жағдайда олардың арасында неше орын бар? Жауабы: 3 орын. Алтыбұрыш саламыз. Сурет салу арқылы анықтауға болады.



8. Ата үйректің 5 ағасы және 4 апасы басқа туысқандары жоқ. Осы құс ауласында бір-біріне туыс болып келетін неше үйрек бар?
Жауабы: 10 үйрек. 5 ағасы, 4 апасы және ата үйректің өзі.

Әдебиеттер

1. Байдыбекова Е., Ергазиева Т. «Есептердің практикалық танымдық және тәрбиелік мәні». Бастауыш мектеп №2.2018ж.
2. Б.Баймұханов. Математика есептерін шығаруға үйрету.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Математиқаны оқытудың теориясы мен әдістемесі». Алматы «Білім» 2018ж
4. А.Б.Жанәділ «Математика сабақтарын түрлендіріп өткізу». Бастауыш мектеп №8-9. 2018ж. 41 бет.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Тлеубаева Салтанат Схаховна
Алға ауданы «Тоқмансай негізгі мектебі»КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушысын оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуіде жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Бастауш саты- бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын күнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологисы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білу тиіс.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы» -деп түсіндіріледі. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі жаңаның өмірге келуі, ескінің жоғалуы деген мағынаны білдіреді. Оқыту мен дамытудың арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады.

Метеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл – ой жұмысының тәсілдері қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйретететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқытудың ерекшелігі:

- оқушыларды еріксіз және қыстамай оқыту;
- оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтарын дамыту үшін тақырыптарды жаңа бір қырынан қайталауды ұсынып отыру;
- білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;
- оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру;
- оқушыларға берілетін білімнің сараланууы;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының - тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайда түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта- ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1.Оқу мақсаттарының қойылуы
2.Оны шешудің жолын бірлесе қарастыруы
3.Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл - үшеуі дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин -В.В. Давыдов жасаған жүйенің негігі компоненттері.

Оқушы алдында оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асыралады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде

әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тындалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенімен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесім ен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден-дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден-дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып,, өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дамуына қол жеткізе алады. (Жақсы оқушы, жаман оқушы) ұғымның болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден –оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден –дамыта оқыту жүесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым – қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүедегі әміршілдік стиь бұл жерде тиімсіз, оқушы – «орындаушы» объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйекткей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көз қарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы субъект.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркінігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтар типологиясы:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі-иллюстративті әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланыста.
2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігін сәйкестендіреді.
3. Бала іс-әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.
4. Бала қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.
5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.
6. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде оқушылар сабақтың мақсат, міндеттерін өздері анықтайды, проблеманы шешу жолдарын іздестіреді, жаңаны өздері табады, оқушыларға кеңеседі.

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары.

1. Әдістемелік іс-әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі. Сабақтың мазмұны. Оқу жағдайларын ескеру. Әдістемелік тәсілдерді қолдану.
2. Келесі сабақтың моделін жоспарлау.

Сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау. Сабақтың әр этапында оқушының негізгі іс-әрекеттерін анықтау. Оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін таңдау.

3. Сабақты жүргізу.

Әр сабақтағы баланың іс-әрекетін ұйымдастыру. Оқушымен жанама қарым-қатынас. Жұмыс барысын бақылау жұмысы.

4. Рефлексия.

Сабақтың қорытынды бағасы. Мақсатқа жету. Тақырып бойынша өзгерістер еңгізу. Оқыту нәтижесін талдау.

Дамыта оқытудағы мұғалімнің басты міндеті: оқу материалдарын оқушыға дайын күйде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тіжірибесінде қолдануды үйрету.

Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс — тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің жаңа технологиялары дүниеге келуде. Жаңа технологиялық әдістердің оқушыларға тигізер пайдасы өте үлкен. Жаңа технологияны пайдалану барысында шәкірттердің ойлана білу қабілеттері дамиды, білім сапасы жақсарады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді.

Әдебиеттер

1.Сейсенбаева Ж.А «Жобалап оқыту - бастауыш мектеп оқушысының білімін дамыту құралы», Талдықорған, 2015ж.

2.Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы, 2002 жыл

3.Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары.//Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Тлеуова Багжан Абдигалиевна
Ш.Құдайбердіұлы атындағы № 66 ЖББОМ
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қоғамның дамуы келешек ұрпаққа білім беруші мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты.. Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Критериалды бағалау оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақтыланықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарлату
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Практикалық маңызы

- Тек қана оқушы жұмысы бағаланады;
- Орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады;
- Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат бере алады;
- Критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

-Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау;

-Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу;

-Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау;
-Әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады (Өздік жұмысы, күнделікті баға, үй жұмысы т.б);
-Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау;
-Оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.
Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:
-заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;
-жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой-өрісін әрі қарай дамытады;
-оқушылардың білім сапасын арттырады;
-оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;
-тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі.

А. Байтұрсынов: «Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ғылым да, тіл де,
табиғат та дамиды. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі құбылыс та – тіл» деп жазған. Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор.Қазіргі заманда дамытудың нақты, бағытты, жүйеленген әдістемелері жасалып, психологиялық қолайлы жағдайлар тудырып отырса, кез келген ерекше қабілетті оқушы дарынды оқушыға айнала алады. Ал дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан белсенді азаматтық позициясымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың ертеңгі интеллектуалдық потенциалы, зияткерлік тобы екенін үнемі есімізден шығармағанымыз жөн.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ИНФОГРАФИКАНЫ ЖАСАУ ҮЙРЕТУ

Туякбаева Гульсезм Кулинтаевна
№3 Хромтау орта мектебінің
информатика пәнінің мұғалімі

Аннотация. Бұл мақалада информатика сабағында оқушыларды инфографика жасауға үйретудің әдіс-тәсілдері қарастырылған. Инфографика ақпаратты көрнекі және түсінікті түрде ұсыну құралы ретінде ақпараттық қоғамда маңыздылығын арттыра отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мақалада инфографика түрлерімен таныстыру, ақпаратты жинақтау мен жүйелеу, графикалық элементтерді таңдау және инфографика құралдарын қолдану бойынша практикалық ұсыныстар беріледі. Сонымен қатар, инфографика жасаудың оқушыларға шығармашылық, коммуникация және технологияларды меңгеру тұрғысынан пайдасы көрсетілген.
Кілтті сөздер: информатика, инфографика, ақпаратты өңдеу, графика, визуализация, шығармашылық, технологиялар, білім беру, оқушылар, құралдар.

Информатика пәні қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Оқушыларға ақпаратты өңдеу, жүйелеу, талдау дағдыларын үйрету арқылы оларды ақпараттық қоғамға дайындау көзделеді. Инфографика — бұл ақпаратты көрнекі түрде, яғни графикалар, диаграммалар, суреттер және басқа визуалды элементтер арқылы ұсыну әдісі. Информатика сабағында оқушыларды инфографика жасауды үйрету – олардың ақпаратты тиімді қабылдау және ұсыну дағдыларын дамытудың тиімді жолы болып табылады.

1. Инфографика түсінігі және маңызы

Инфографика — бұл күрделі ақпаратты қысқаша, түсінікті және визуалды түрде ұсынуға арналған құрал. Ол мәтін мен сандарды графикалық элементтермен біріктіреді, осылайша ақпаратты түсіну жеңілдейді. Инфографика адамдарға статистикалық деректерді, күрделі тұжырымдамаларды және процестерді тез әрі тиімді түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі.

2. Инфографиканы жасауға үйретудің әдіс-тәсілдері

Оқушыларды инфографика жасауға үйрету барысында бірнеше маңызды кезеңдерді ескеру қажет.

2.1. Инфографика түрлерін таныстыру

Алдымен оқушыларды инфографика түрлерімен таныстыру маңызды. Олар түрлі графиктер, диаграммалар, карта немесе схемалар арқылы ақпаратты қалай ұсынуға болатынын білуі тиіс. Әрбір инфографика түрінің өзінің қолданылу аукымы мен ерекшеліктері бар. Мысалы, статистикалық мәліметтерді көрсету үшін бағанды немесе сызықтық диаграммалар тиімді, ал процестерді көрсету үшін схемалар мен уақыттық кестелер пайдаланылады.

2.2. Ақпаратты жинақтау және жүйелеу

Инфографика жасау үшін алдымен тақырып бойынша ақпаратты жинақтап, оны жүйелеу қажет. Оқушыларға ақпаратты қысқаша әрі түсінікті етіп өңдеу және қажетті деректерді таңдау дағдыларын үйрету керек. Бұл кезеңде олар ақпаратты сұрыптап, негізгі ойды айқындайды.

2.3. Графикалық элементтерді таңдау

Инфографикада қолданылатын графикалық элементтер, түс және шрифт таңдау — маңызды аспектілер. Оқушыларға дизайн принциптерін түсіндіре отырып, оларды көрнекілік пен айқындықты сақтай отырып инфографика жасауды үйрету керек. Бұл элементтер көрерменнің назарын аударады және ақпараттың қабылдануын жеңілдетеді.

2.4. Инфографика құралдарын қолдану

Қазіргі таңда инфографика жасау үшін көптеген бағдарламалар мен онлайн құралдар бар. Оқушыларға инфографика жасау үшін Canva, Piktochart, Adobe Spark сияқты бағдарламаларды қолдануды үйрету тиімді. Бұл құралдар арқылы олар инфографиканы әртүрлі стильде жасауға, шаблондарды қолдануға және өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

2.5. Инфографиканы бағалау және кері байланыс беру

Инфографика жасағаннан кейін, оқушылар өз жұмыстарын топ алдында таныстырып, кері байланыс ала алады. Бұл оларды сын көзбен қарауға, өз жұмыстарын жақсартуға үйретеді. Мұндай пікірлер арқылы оқушылар өз инфографикасын қалай жетілдіру қажеттігін түсінеді.

3. Инфографика жасаудың білім беру саласындағы пайдасы

Инфографика жасау арқылы оқушылар бірнеше дағдыларды меңгереді:

• Шығармашылық қабілеттерін дамыту: Инфографика жасау барысында оқушылар шығармашылықты қолдануға мәжбүр болады, олар дизайн мен көркемдікпен жұмыс істей отырып, өз ойларын түсінікті әрі көрнекі түрде жеткізуге үйренеді.

• Ақпаратты өңдеу және талдау дағдыларын жетілдіру: Оқушылар деректерді дұрыс таңдап, оларды тиімді түрде көрсетуді үйренеді.

• Топтық жұмыс және коммуникация: Оқушылар топта жұмыс істегенде бірлескен инфографика жасау тәжірибесін алады, бұл олардың коммуникация дағдыларын дамытуға көмектеседі.

• Технологияларды меңгеру: Инфографика жасау арқылы оқушылар түрлі графикалық және ақпараттық технологияларды қолдануды үйренеді, бұл олардың компьютерлік сауаттылығын арттырады.

Информатика сабағында оқушыларды инфографика жасауға үйрету — олардың ақпаратты түсіну, өңдеу және ұсыну дағдыларын дамытудың тиімді жолы. Бұл әдіс тек оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттырып қана қоймай, оларды шығармашылық тұрғыдан ойлауға және тиімді түрде коммуникация жасауға баулиды. Инфографика жасау құралдары мен әдістерін қолдана отырып, оқушылар өз білімдерін әрі қарай жетілдіре алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахметова, С. С. (2021). Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдістемесі. Алматы: ҚазҰУ баспасы.

2. Айтқожа, М. Ш. (2020). Инфографика және оның білім беру саласындағы рөлі. Ақпараттық технологиялар журналы, 5(3), 45-52.

3. Сейітов, Р. М. (2018). Информатика пәні бойынша инновациялық әдістерді қолдану. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.

HOBBY

Шаукебаева Индира Актасбаевна
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қарағаш ауылы,
А. Байтұрсынов атындағы орта мектептің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

LESSON: Term 1 Hobby	School:	
Date:	Teacher's name: Shaukebaeva Indira	
CLASS: 9	Number present:	Absent:
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	9.3.3.1 explain and justify their own point of view on a range of general and curricular topics; 9.4.1.1 understand the main points in extended texts on a range of unfamiliar general and curricular topics; 9.5.6.1 write coherently at text level using a variety of connectors on a growing range of familiar general and curricular topics;	
Lesson objectives	All learners will be able to: - understand the main idea of the text with some support. - enlarge their vocabulary with new words about hobby. - communicate meaning clearly at sentence	
	Most learners will be able to: - use the specific vocabulary in sentences in written tasks. - give an opinion at sentence	
	Some learners will be able to: - express the own idea about the text. - express an opinion	
Previous learning		


Plan

Planned timing	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Start 5 min	**(W)** Greeting A teacher says to the learners: Good morning my class! How are you? Ok! Thank you. Let's smile to each other and start our lesson. Let's do this rebus. ” ” ” ““    	PPT slide
3 min 3 min	**(P)** -I want to ask you a question. What is a hobby? Can you give a definition? *Pupil 1:A hobby is an activity that you like to do.* Teacher: Yes, you are right. A hobby is that you enjoy or like to do in your free time. **(P)** Dear pupils let's complete the diagram:    	PPT slide

<table>
<tr>
<td>2 min

3 min</td>
<td>



<table>
<tr><th>Descriptor</th><th>Point</th></tr>
<tr><td>Give 1 definition</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Give 2-3 definitions</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Give 4-5 definitions</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Give 5-6 definitions</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Give 7-8 definitions</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Total</td><td>5</td></tr>
</table>

(Assessment traffic light)
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Middle

5 min

3 min</td>
<td>
(G) OK, let’s divided into 5 groups. You are to read short texts and guess what hobby is it? Is it clear?

(Read the text with Jigsaw method)

Such people like to visit different cities, towns and historical places. Some people even visit other countries. They can travel by car, by plane, by train, by bus or on foot. This hobby helps them to learn history, geography and traditions of different people and countries. (Group 1: Travelling)

People like to spend their free time near the rivers or lakes . They often go there with their friends or relatives . They can have a picnic there. They go usually there in summer but some people like to go there in winter too . Also they can boil fish broth (soup) after going there. (Group 2:Fishing)

This hobby is interesting and useful. People try to find or buy different things such as stamps, badges, coins, pictures and dolls. Their collection can be thematic. This hobby helps people to make new friends and to learn some new things about countries and lands, animals and birds, famous people and historical events. (Group 3: Collecting)

This hobby is popular with the people of all ages. People like to go to the stadium or to the sports ground. They are strong and healthy. Their hobby helps to develop their mind and body and teaches them to plan their time.(Group 4: Sports)

People like to go to the library. Some of them have a good collection of books at home. And they are really proud of it.
</td>
<td>Handout 1</td>
</tr>
</table>

5 min	They can have different books: fiction, historical novels, books about animals and birds, books about different countries. Their hobby helps them to relax, to learn the world and understand people better. *(Pupil 5 : Reading)* **(P)** -Learners read the story again and answer True/False questions. **Differentiation**: All learners will be able to: - understand the main idea of the text; Most learners will be able to: - give an opinion; Some learners will be able to: - express the own idea about the text; **(I)**You should make up sentences about your hobbies using the information from these sentences: • My hobby is or my hobbies are … • It helps me or it is useful … • I can or I am fond of … • My hobby is (My hobbies are) very interesting because … • I think it is or in my opinion … **Differentiation**: All learners will be able to: - enlarge their vocabulary with new words about hobby; Most learners will be able to: - use the specific vocabulary in sentences in written tasks; Some learners will be able to: - write sentences correctly;	Handout 2 Handout 3
5 min 3 min	5 Thinking hats  Red hat considers emotions  Yellow hats considers positives and benefits  Green hat looks at new ideas  Black hat for negativity and things that can go wrong  Blue hat controls the 5 hat technique Group assessment 2 stars and wish	

<table>
<tr><td>End

3 min</td><td colspan="2">Reflection
Pupils should fill KWL chart about what did they learn<table><tr><td>Know</td><td>Want to know</td><td>Learned</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td></tr>
<tr><td>Additional information</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Differentiation- how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?</td><td>Assessment-how are you planning to check learner’s learning?</td><td>Cross-curricular links
Health and safety check
ICT links Values links</td></tr>
<tr><td>Differentiation by task.
Differentiation by sentences.</td><td>Assessment traffic light
Group assessment 2 stars and wish
Teacher formatively assesses learners’ reading comprehension</td><td>Switch off the active board if you do not use it.
Open the window to refresh the air in the classroom during the break.</td></tr>
<tr><td>Reflection</td><td colspan="2">Use the space below to reflect on your lesson.Answer the most relevant questions from the box on the left about your lesson.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="3">Summary evaluation</td></tr>
</table>

Such people like to visit different cities, towns and historical places. Some people even visit other countries. They can travel by car, by plane, by train, by bus or on foot. This hobby helps them to learn history, geography and traditions of different people and countries. (Group 1: Travelling)

People like to spend their free time near the rivers or lakes . They often go there with their friends or relatives . They can have a picnic there. They go usually there in summer but some people like to go there in winter too . Also they can boil fish broth (soup) after going there. (Group 2:Fishing)


This hobby is interesting and useful. People try to find or buy different things such as stamps, badges, coins, pictures and dolls. Their collection can be thematic. This hobby helps people to make new friends and to learn some new things about countries and lands, animals and birds, famous people and historical events. (Group 3: Collecting)

This hobby is popular with the people of all ages. People like to go to the stadium or to the sports ground. They are strong and healthy. Their hobby helps to develop their mind and body and teaches them to plan their time.(Group 4: Sports)

People like to go to the library. Some of them have a good collection of books at home. And they are really proud of it. They can have different books: fiction, historical novels, books about animals and birds, books about different countries. Their hobby helps them to relax, to learn the world and understand people better. (Pupil 5 : Reading)

ЖАЙ БӨЛШЕКТЕРДІ ОРТАҚ БӨЛІМГЕ КЕЛТІРУ

Янгереева Д.Р

Бөлімі:**Жай бөлшектерге амалдар қолдану**	
Педагогтің аты-жөні:	Янгереева Д.Р.
Күні:	04.11.2024жыл
Сыныбы:5	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар істей алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Көптеген оқуышылар істей алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Кейбір оқушылар істей алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері	- Аралас сандардың түрін ажыратады; Бөлшектерді қысқартуды және оларды ортақ бөлімге келтіруді біледі Бөлімдері де, алымдары да әр түрлі бөлшектерді салыстыруды біледі Аралас сандарды салыстыруды біледі.Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидаларынамысал келтіреді -Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидаларыныажырата біледі
Құндылықтарға баулу	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым қатынас жасау, көзқарастарына құрметпен қарау .Оқушылар өз бетімен жұмыс жасау,іздену қабілеттерін арттыру. Мәңгілік ел идеясын дамытуға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 мин.	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын бақылау. 1.Жай бөлшектің бөлімі мен алымы нені білдіреді? 2.Жай бөлшектің негізгі қасиетін ата. 3 . Бөлшекті қысқарту деген не? 4. Қандай бөлшек қысқартылмайтын бөлшек деп аталады? 5. Дұрыс және бұрыс бөлшектің анықтамасын бер. 6. Бұрыс бөлшектің анықтамасын бер. 7. Қандай санды аралас сан дейді?	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор Жалпы балл -1	Оқулық Аудидиск Жұмыс дәптері
5 мин “Ой қозғау әдісі” 5мин «Мозаика» әдісі	Бүкіл сыныпқа тұралы Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру видеоролик көрсетіледі Оқушылар сабақтың мақсатын анықтайды. *I.Білу кезеңі.* «Жасырын сұрақ» әдісі арқылы топтар ұяшықтарда жасырылған сұрақтарды табады. *II. Түсіну.* «Мозаика» әдісі арқылы тапсырмалар беріледі. Тапсырманы орындап болған топ белгілі бір жай бөлшектерге мысал келтіреді, құбылыстардың түрлерін ажырату.	Окушылар туралы Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру тұралы өз ойларын айтады. Оқушылар ұяшықтардағы жасырылған сұрақтарға жауап береді. Оқушылар жай бөлшектерге мысалдар келтіріп, түрлерін ажыратады.	Дескриптор -Жай бөлшектерді түрлерін ажырата алады; Жалпы балл -2	Оқулық Аудидиск Жұмыс дәптері Оқулық Жұмыс дәптері
			Дескриптор	Оқулық

Сабақтың ортасы. 7 мин «Мюнстенберг» әдісі 5мин	*ІІІ.Қолдану.* «Мюнстенберг» әдісі бойынша кестеде шыққан сөздерге байланысты құралдарды қолдана отырып тәжірибе жасау қ т м а й ы ш а м ф к а м е р т о н о қ г а т а р а қ н с н ш ә й н е к а т и и қ р т ж к р б т н л а з е р ь у к а к т ж р п тапсырма 1) $\frac{2}{5}$ және $\frac{1}{6}$ 1) $\frac{3}{8}$ және $\frac{5}{12}$ 2) $\frac{27}{10}$ және $\frac{48}{5}$ 2) $\frac{41}{8}$ және $\frac{17}{5}$ 3) $\frac{5}{12}$ және $\frac{7}{15}$ 3) $\frac{11}{45}$ және $\frac{3}{18}$ 4) $1\frac{7}{10}$ және $3\frac{1}{15}$ 4) $8\frac{5}{12}$ және $5\frac{3}{8}$ 5) $4\frac{5}{18}\frac{1}{12}$	Оқушылар кестедегі құралдар бойынша, тәжірибе жасайды. Оқушылар мысалдарды шешеды	-жай бөлшектертүрлерін бір-бірінен ажырата алады; -жай бөлшектергекүнделікті өмірден мысалдар келтіреді -жай бөлшектергекүнделікті өмірде құралдарды пайдалана отырып, тәжірибе жасай алады Жалпы балл -3 Дескриптор -Мысалды шеше алады - Алған білімдерін жинақтай алады; Жалпы балл -2	Жұмысдәптері Дәптер Тақта парақшалар
Сабақтың соңы. *8-мин* *“Трек-сызба” әдісі*	V. Жинақтау. “Трек -сызба” әдісі бойынша оқушылар кестемен жұмысжасайды. Кестені толтырыңдар	Оқушылар кестемен жұмыс жасайды	Дескриптор - Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру анықтамасын біледі. - Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру	ДК экраны, дәптер, оқулық

Рефлексия 5 мин Бағалау 5мин Үй тапсырмасы	Құбылыс | Мысал Жай бөлшектер Аралас сандар Бөлшек + Плюс Сабақта қызық болған, пайдалы нәрселер жазылады – Минус Сабақта сәтсіз шыққан ,пайдасы жоқ не шамалы болды деген нәрселер жазылады ?- Қызықты- «Не білгім келеді? Не «Бұл мен үшін қызық болама деген сұрақтарға жауап келтіру. Әр тапсырманың бағалау критериилері бойынша 10 баллдық жүйемен бағалау Математика (мектеп баспасы)оқулығынан 10 беттегі кестені толтыру		айырмашылығын біледі. Жалпы балл-2 Жалпы тапсырмалар бойынша 10 балл	Стикерлер Оқулық
Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?		Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	
Оқушыларға өткен білімдерін еске түсіру арқылы сұрақ қойып, жаңа тақырып мазмұнын ашуға көмек беремін. «Ой қозғау» әдісі арқылы тақырыпты терең әрі жан –жақты зерттеуге үйретемін. «Мозаика» әдісі арқылы, оқушылардың тез ойлау қабілеттерін жылдам ашуға мүмкіндік беремін. Жұппен, топпен жұмыс жасау арқылы, оқушыларға бір – біріне көмектесу арқылы, түсінбей тұрған		Оқушылар бұл сабақта Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіруды біледі,Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру	Математика	

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАЛА-БАҚШАДА ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Кененбаева Гүлжайнар Бериковна
педагог-сарапшы
Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы
Аққайың бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Аннотация: Бала-бақшада математикалық әдістердің әртүрлілігі, әсіресе олардың үйлесуі тәрбиешінің шығармашылық ынтасы мен педагогикалық шеберлігін айғақтайды. Әрбір тәрбиеші жаңа әдістерді ойлап табады, белгілі әдістерді өзгертеді, ең жақсы оқу-тәрбие нәтижелеріне қол жеткізеді.

Түйінді сөздер: математика, оқу мақсаты, ғылыми зерттеулер.

бала-бақшадағы математиканы оқытудың мақсаттары: жалпы білім беру мақсаты, тәрбиелік мақсат, практикалық мақсат. Бұл мақсаттар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырады. 1. Білім берудің мақсаты мұғалімнен келесілерді талап етеді: а) оқушыларға математикалық білім, білім, білік беру; б) математикалық әдістер арқылы нақты дүниені зерттеу; г) оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін жетілдіру, оның сапасын қамтамасыз ету; д) оқушыларға математикадан осындай білім беру керек, сонда осы білім арқылы, белсенді танымдық іс-әрекет арқылы олардың білімі, іскерлігі мен қабілеттері артады. 2. Тәрбиелік мақсат. Математиканы оқытуда оқушыларға тәртіпті, стдағаттылық, тиянақтылық, өз ойлары мен тұжырымдарын басқара білу, әсіресе бақылау негізінде айтылған пікірлердің еркін сөйлеуіне қол жеткізу қажет. Таңбалар математикада шамалар арасындағы байланысты білдіру үшін қолданылады. Бұл дамытуды қажет ететін математикалық тіл. Тәрбиеші міндеті символдық тілде берілген математикалық ойды ана тіліне аударуға үйрету болуы керек. Білуге деген құштарлықты, өз-өзіне қанағаттану сезімін тәрбиелеу керек. Математиканы оқытудың өзі оқушылардың зейінін шоғырландыру, ойлау қабілетін дамытады. Тәрбиеші келесілерді қамтамасыз етуі керек: а) оқушы материалдық дүниедегі байланыстарды, шамалардың өзгеруін және олардың бір-бірімен байланысын түсіне алады; б) оқушылардың математиканы оқуға деген қызығушылығын ояту; г) еңбекке, Отанға, халыққа деген көзқарасын тәрбиелеу, эстетикалық талғамын қалыптастыру; ж) өзбек халқының тарихы, оның ішінде математикалық білім беру тарихы бойынша білім беру; г) оқушылардың ойлау қабілетін, математикалық мәдениетін тәрбиелеу; 3. Практикалық мақсат. Математиканы оқытудың байқалатын практикалық мақсаты – оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету. Алған білімдерін сандар мен математикалық өрнектерде, нүктелерде орындалатын амалдарға қолдана білу, оларды әртүрлі есептерді шығаруда қолдануға үйрету. Бұл күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде білімді қолдана білуге үйрету. Оқыту әдісі ұғымы дидактика мен әдістеменің негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Осылайша, оқыту әдістері үш негізгі міндетті орындайды: меңгеру, тәрбиелеу және дамыту. Білім берудің жаңа мазмұны мен міндеттеріне бейімделген оқыту әдістерін саналы түрде таңдау үшін оқытудың барлық әдістерінің классификациясын зерделеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Болтаева Ш. Бала-бақша шығармашылық белсенділігін қалыптастыру. Халық ағарту, 2014.
2. Джумаев М.Э., Таджиева З. Г._. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. Ташкент.: "Ғылым және технология" 2005 ж.

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;
• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;
• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 4950х3510 пикселден (6х12 мм, 300 ppi кем емес) кем болмауы тиіс;
• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 ppi кем емес);
• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;
• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоса санда 3 беттен аспауы қажет;
• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал - 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;
• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;
• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 4950х3510 пикселей (не менее 6х12 мм, 300 ppi), фото в статью не помещать;
• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 ppi);
• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);
• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);
• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;
• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;
Эл. почта: kalam2025@mail.ru